

**ӨРКЕНИЕТТІҢ ӨСКІНІ**

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



**ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН СОҒЫС**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**СУИЦИДТІҢ СЕБЕБІ НЕДЕ?**

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Волонтерлік бұл жай ғана әлеуметтік құбылыс емес. Тіпті, бір күнде қалыптасатын әдет немесе дағды деуге де болмайды. Бұл – көптеген адамдардың саналы түрде таңдаған өмір салты. Қайырымдылық – адамның бала кезінен бойға сіңетін қасиет. Сондықтан, өскелең ұрпақты жастайынан жақсылық жасауға тәрбиелеу – өте маңызды міндет.


№145
(4578)
Бейсенбі
7 желтоқсан
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ




Сұлтан СЕЙІТ

# ҚЫС ҚАҺАРЫНА МІНДІ

2

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТ БОЙЫНША, АЛДАҒЫ КҮНДЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ СОЛТҮСТІК ӨҢІРІНДЕ -38 -40 ГРАДУС АЯЗ БОЛАТЫНЫ БОЛЖАНЫП ОТЫР. ДЕМЕК, ҚЫС ҚАҺАРЫНА МІНГЕЛІ ТҰР.**



## ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ – 85 000 ТЕҢГЕ

Мемлекет басшысы 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға қол қойды.

Заңға сәйкес, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85 000 теңге болады. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге. Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 57 853 теңге. Айлық есептік көрсеткіш – 3 692 теңге.

Сонымен қатар елімізде мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері де көбейеді.



## БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Кеше елордада үшем дүниеге келді. Сәбилерге Әділет, Қасиет, Құдірет деген есім берілді.

Астанадағы №2 қалалық көпбейінді ауруханада үшінші рет үшем өмірге келіп отыр.

Ал кеше Казяевтар әулеті екі баладан соң бірден көпбалалы отбасы қатарына қосылды. Бұл сәбилер жақында ғана 20 миллионға жеткен халқымыздың санын жаңа белестерге бастайтын болады.

«Ота жасаған профессор Серік Ысқақов пен Ғалым Зекенов бастаған дәрігерлер ұжымына, балалар реанимациясы мен қарқынды терапия бөлімшесі, балаларды күту және патологиясы бөлімшесінің барша қызметкерлеріне және дәрігер Ақнұр Жамбыловаға рақметімді айтамын» деді жас ана.

Әділет, Қасиет, Құдірет есімді үш бала салмақ қосып шипаханаға дейін бөлімше дәрігерлерінің қатаң бақылауында болады. Нәрестелерді күту және патологиясы бөлімшесінің дәрігері Ақнұр Жамбылованың айтуынша, үш перзенттің жағдайы қазір жақсы.

Сәбилердің бауы берік болсын!

Астананың 25 жылдығына орай 8 және 9 желтоқсан күндері елордада «Сұлу Сырдан – ару Астанаға» атты Қызылорда облысының мәдени күндері өтеді.

Сыр өңірінің іс-шараларын 8 желтоқсан күні сағат 19:00-де «Жастар» театрының сахнасында қызылордалық әртістер Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» спектаклімен ашады.

9 желтоқсан күні сағат 16:30-да Бейбітшілік және келісім сарайында «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты қойылым өтеді. Ал сағат 17:00-де Қызылорда облысы өнерпаздарының гала-концерті болады.




## ОҚУШЫЛАР САБАҚТА СМАРТФОН ҰСТАМАЙДЫ

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Үкімет брифингінде мектептерде смартфондарды пайдалануға шектеулер енгізетін түзетулерге түсініктеме берді.

«Қазір балалар смартфонға алаңдайтыны белгілі. Мұндай шешім ата-аналар мен мұғалімдерден келіп түскен өтініштер мен шағымдардың нәтижесінде қабылданды. Тағы қайталап айтамын, бұл заң жобасында смартфонды оқушылардың мұғалімдердің рұқсатынсыз сабақ кезінде пайдаланбауы көзделген. Бірақ сабақ аяқталғаннан кейін, сабақтан тыс уақытта оқушылардың ұялы телефон арқылы ата-анасымен байланысып, өзінің жағдайы туралы айту құқығы шектелмейді. Бұл шектеу тек сабақ кезінде ғана қолданылады» деді министрлік басшысы.

2023 жылғы 30 қазанда Мәжіліс депутаттары палатаның жалпы отырысында Қазақстан мектептерінде ұялы телефондарды пайдалануды шектейді ұсынатын заң жобасын қарап, бірінші оқылымда мақұлдаған болатын.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР




# «АУЫЛ АМАНАТЫ» ҚАЛАЙ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Мемлекет басшысының Ақтөбе облысына жұмыс сапары Мәртөк ауданы Саржансай ауылындағы спорт кешенінің жұмысымен танысудан басталды. Бұл нысанның жалпы аумағы 1048 шаршы метрді құрайды. Мұнда спорттың бірнеше түрі бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Қасым-Жомарт Тоқаев еркін күрес залы мен шағын футбол алаңын аралап көрді. Президент спорт кешенінде жас спортшылармен кездесті. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев спортпен шұғылданудың маңыздылығына назар аударды. Спорт адамның көзқарасын түзейді. Әсіресе жастарға күш-жігер береді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы футболға қолдау көрсетілетініне тоқталып, аталған спорт түрінің болашағына сеніммен қарайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы «Ауыл аманаты» бағдарламасының Ақтөбе облысында жүзеге асырылу барысымен танысты. Президентке Ақтөбе облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасының іске асырылу барысы жөнінде баяндалды. Аталған бастама қолға алынғалы бері өңір бойынша 1471 жобаға 6,6 миллиард теңге көлемінде несие берілген. Сондай-ақ биыл қыркүйек айында қосымша 12,5 миллиард теңге қаржы бөлінген.

Мемлекет басшысына бағдарлама аясында аймақтағы 209,8 гектар алқапқа көкөніс және бақша дақылдары егіліп, жалпы аумағы 1 гектардан асатын 77 шағын жылыжай салынғаны туралы айтылды. Сонымен қатар 101 кондитерлік цех пен наубайхана, 129 шағын сүт өңдеу, 65 ет өңдеу жобасы іске қосылған.

Бұдан бөлек, Ақтөбе облысында 1210 жаңа жұмыс орны ашылып, 1062 адам жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Бір ғана Мәртөк ауданының өзінде аталған бағдарлама шеңберінде ұсынылған 195 жобаға 902,5 миллион теңге несие берілген. Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске асырылған жобалармен және аймақтағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өнімдерімен танысқаннан кейін жергілікті кәсіпкерлермен әңгімелесті. Президент ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» бастамасы қолға алынғанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев жобаның тиімді тұстарын атап өтіп, мемлекет шаруаларға, шағын және орта бизнеске барынша қолдау көрсететініне назар аударды.

# КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМГЕ КӨШТІ

Астанада коммуналдық қызметтер қардың көп жауына байланысты тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Кеше таңертең қала көшелерінің қарын күреуге 2000-нан астам жол жұмысшы мен 1000-ға жуық арнайы техника жұмылдырылды. Ең алдымен, орталық көшелер, жолаушылар көлігі жиі қатынайтын орындар, аялдамалар мен тротуарлар тазалануда.

Соңғы екі күнде елордада күн суытып, ауа райының нашарлауына байланысты қатты мұзтайғақ болып, қаланың травматологиялық пункттеріне түсетін тұрғындар саны артты. Қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, бүгінге дейін көктайғақтан құлап, 300-ден астам адам медициналық қызметтер көмегіне жүгінген. Осыған орай травматологиялық пункт дәрігерлері аурухананың барлық бөлімшелерінің қызметкерлерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Бүгінде №4, 5, 6, 7, 9 10 қалалық емханаларында сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін балаларға 4-санаттағы шұғыл медициналық көмек көрсету үшін жедел жәрдем бөлімшелері тынбай еңбек етуде. Қалалық полиция департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Астанада көктайғақтан 120-ға жуық жол-көлік оқиғасы болған. Астанада көктайғақты болдырмас үшін жолдар мен тротуарларға құм-тұз қоспасы себілуде. Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.



Сұлтан СЕЙІТ

# «JOLTAP»-ТЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордада жүзеге асып жатқан «JOLTAP» жобасы жұмысымен танысты. Бұл туралы қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Өмір сүру сапасы негізінен таңдаған мамандық пен жұмысқа байланысты. Десек те қала тұрғындарының бәрі бірдей белгілі бір мамандықтың иесі бола бермейді. Біздің міндетіміз – бүгінде нарықтағы қажетті дағдыларды меңгеруге және жұмысқа орналасуға көмектесу. Осындай мақсатпен қыркүйек айында біз «JOLTAP» әлеуметтік жобасын іске қостық. Жоба мемлекеттік қолдау іс-шаралары, атаулы әлеуметтік көмек, бизнес ашу үшін өтінімдер беру, оқыту, жұмыс іздеу бағытында тегін консультациялар береді. «JOLTAP» жобасы аясында қала тұрғындары қысқа мерзімді екі бағдарламада тегін білім алады. Бірінші бағдарлама тігінші, наубайханашы, сатушы-кассир, қоғамдық тамақтандыру қызметінің әмбебап қызметкері, бариста сияқты 5 жұмысшы мамандығын оқытуға арналған. Екінші бағдарлама – «Freelance Mumkindik», 7 цифрлық дағды бойынша оқытуды ұсынады: таргетолог, SMM, видеограф, маркетплейс, мобилограф, графикалық дизайнер және веб-дизайнер (сайт әзірлеу)» деп түсіндіріп жазды әкім.




Ол оқу сыныптарын аралап, бағдарламаға қатысушылармен әңгімелесті. «Жоба аясында қатысушылар теориялық қана емес, практикалық білім де алады. Сол сияқты оларға сертификаттар беріліп, жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі. Оқыту ұзақтығы бағдарламаға байланысты он күндік курстан бір жарым айға дейін созылады. «JOLTAP» жобасы Мемлекет басшысының нәтижелі жұмыс орындарын құруға баса назар аудара отырып, белсенді әлеуметтік саясаттың қажеттілігі туралы тапсырмасын орындау мақсатында жүзеге асырылып жатыр» деді Жеңіс Қасымбек.

Жобаның механизмдері туралы толық ақпаратты «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы мынадай мекенжайлар бойынша алуға болады:

«Жастар» сарайы, Республика даңғылы, 34;
«Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;
«Euromall» СҮ, Қосшығұлұлы көшесі, 24;
«Ailand» СОО, Қорғалжын тас жолы, 2;
«Встреча» СҮ, Абылай хан даңғылы, 31;
«Mechta» СҮ, Сығанақ көшесі, 3;
«Азия Парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21;
«Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26;
«Саянұр» базары, Тілендиев даңғылы, 24/5;
«Big Шанхай» СҮ, Алаш тас жолы, 32а.

Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін «JUMYS TAP» (@jumystap_bot) Telegram-бот-ы іске қосылды, онда маңызды бос жұмыс орындары жарияланады.

# МЕМТАПСЫРЫС ҰЛҒАЙДЫ

Amanat партиясы елордалық филиалының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша жол картасы аясында жастарды тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтуды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ «Сапалы білім «Білімді ұлт» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырыс өткен жылмен салыстырғанда 1 200 орынға ұлғайтылды және 8 500 орынды құрайды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті. Оның айтуынша, қабылдау қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы 8 бағыт, 58 мамандық бойынша 8500 орын қалыптастырылды, оның ішінде 9 сынып базасында – 7546 (88,9%) адам.

# ДЕПУТАТ ДАБЫЛ ҚАҚТЫ

Еліміздегі су каналдарының жартысынан астамы әбден тозып кеткен, соның салдарынан 60 пайыз су құрдымға кетіп жатыр. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбектің су ресурстарын басқару мәселелеріне қатысты жолдаған депутаттық сауалында айтылды.

«Дабыл қағатын уақыт келді. Мысалы, 2040 жылы елімізде су тапшылығы 15 млрд текше метрді құрайды. Бұл шамамен Арал теңізіне пара-пар су. Еліміз таза ауызсу ретінде пайдаланатын судың көлемі кемі 50 пайызға азаяды. Сонда әрбір екінші менің отандасым ауызсусыз қалады деген сөз емес пе?! Ал ауызсусыз адам 3 күн ғана өмір сүретін білесіздер. Бұл – өте қауіпті. Екіншіден, еліміздің даласы көктемде көлге айналса, жазда шөлге айналады» деді депутат Мәжілістің жалпы отырысында.

Б.Базарбек бұл мәселе әлі күнге шешімін таппағанын жеткізді. «Табиғаттың бізге берген ресурсын құмға құйып жатырмыз. Мәселен, Кеңес кезінде әрбір кеңшар жауын-шашын мен қар суын жинайтын. Шағын су қоймалары болатын. Өйткені оның бәрі – ішкі су қорымыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тапшылығы мәселесін дер кезінде көтеріп, арнайы 20 жаңа бөген салу мен 3,5 мың шақырымдық каналды жаңғыртуды тапсырды. Бірақ, бүгінгі Үкіметтің салғырт әрі баяу қимылынан жақын арада Қазақстандағы су тапшылығы мәселесі шешімін таппайтындай көрінеді» деді депутат.


Сұлтан СЕЙІТ

# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК 2,5 ЕСЕГЕ КӨБЕЙДІ

Бүгінгі таңда елордалық Урбанистика орталығы мен қала әкімдігі Астананы көгалдандыру бойынша жарғы әзірлеп жатыр. Қаланы көгалдандыру жарғысы желтоқсан айында Астана мәслихатының отырысында қаралады. Жаңа құжат елордаға қандай өзгеріс әкеледі? Осы сауалға қатысты С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры Гүлмира Сатыбалдиева айтып берді.

Мемлекет басшысы жылдың басында Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңесте қала тұрғындарының демалысына қолайлы жағдай жасау маңызды екенін және елорданы абаттандыру ісіне баса назар аударатынын айтты. Президент әкімдікке үш жылдың ішінде көпжылдық өсімдіктердің үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуді және алдағы бес жылда елордамыз жасыл шаһарға айналуы керек деген тапсырма берді.

Мемлекет басшысының бақылауына өткен мәселе енді көгалдандыру жарғысы арқылы жүзеге аспақ. Жаңа құжат барлық инстанциялар, оның ішінде өнеркәсіптік және коммерциялық объектілер, тұрғын үй кешендері, сауда және бизнес-орталықтар өкілдері тарапынан сапалы көгалдандыру және осы саладағы мәселелерге ерекше назар аудару құралы болады. Құжатта көгалдандыру жұмысына ережелер, талаптар, нормалар мен ұсыныстар жазылады.

«Бұл құжат Астана қаласында жүйелі түрде көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Ормандар мен жасыл өсімдіктер ғаламшардың «өкпесі» болып саналады, себебі ауаның құрамындағы оттегінің мөлшері тікелей өсімдіктерге байланысты. Жарғыда мына мәселелер ескерілсе деймін. Елордада жасыл желек санын арттыру үшін оның климаты ескеріліп, төзімді ағаштар мен басқа да жасыл өсімдіктер таңдалуы тиіс. Сонымен қатар таңдалған түрлерге қажетті жағдайлар ескерілуі керек, себебі оларды отырғызу талаптары, күтіп-баптау ерекшеліктері басқа болады. Бізде алдын ала топырақтың құрамын анықтау, оны тыңайтқыштармен байыту, отырғызу орнын құрылыс қалдықтарынан тазарту жұмыстары ескерілмей жатады. Көгалдандыру жұмыстар жүргізу барысында мамандар мен ғалымдардан кеңес алып немесе бірлесіп жұмыс жүргізген дұрыс» дейді биология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Сатыбалдиева.

Сарапшы-ғалым өз сөзінде, елордада күтіп-баптау жұмыстары тек суарумен шектелетінін де айтты.

«Дамыған елдерде, қала немесе елді мекеннің тұрғындары әр отырғызылған ағашқа қамқорлықпен қарап, оны күтіп баптауға өз үлесін қосады. Ал біздің қалада көктемде көп ағаш отырғызылады, бірақ күтіп-баптау жұмыстары тек суарумен шектеледі. Отырғызылған ағаштарға алғашқы бірнеше жыл күтіп баптау жұмыстарын жүргізу қажет. Себебі тамыр жүйелері дамыған кезде, қажетті суды олар топырақтан өздері сорып алады және де жерасты суларын бір деңгейде ұстап тұруға өз үлестерін қосады. Ағашқа жауын-шашынмен келген және топырақтың құрамындағы ылғал жеткілікті. Ал енді қалалық жағдайда ағаш тек шектеулі ортада өседі. Демек суару мәселесін ойластыруымыз қажет. Ағаштарды және жасыл өсімдіктерді суаруда тазартылған тұрмыстық суларды қолдану керек. Сонымен қатар дамыған елдердің тәжірибесіне жүгініп тамшылатып суару технологиясын енгізуді жоспарлауға болады» деді Гүлмира Сатыбалдиева.

Биыл елордада құрылыс салушылар тарапынан жасыл желектерді отырғызу 2,5 есеге ұлғайды. Қала бойынша 100 000-нан астам жасыл желек отырғызылды. Бүгінгі таңда жасыл желектерге жүргізілген түгендеу қорытындысы бойынша елорданың бір тұрғынына көгалдандыру алаңы 14 м² құрайды. Мақсат – оны бірнеше жыл ішінде 19 шаршы метрге дейін арттыру.

**Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ**

# ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ 16 КҮН

Астанада «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» акциясы өтіп жатыр. Іс-шараның аясында Мәжіліс депутаттары Снежана Имашева мен Қарақат Әбден және Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы мүшелері «Үміт» дағдарыс орталығында болды.



«Үміт» дағдарыс орталығында өткен отырыста ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚП Президенті жанындағы әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы Ұлттық комиссияның мүшесі С.Имашева заң жобасын әзірлеуде өзге елдердің де тәжірибесі ескерілгенін айтып өтті.

– Заң жобасын әзірлеу барысында ауқымды жұмыстар атқарылды. Көптеген пікірлер, ұсыныстар келіп түсті, оның барлығы ескерілді. Ең басты мақсатымыз – зорлық-зомбылықты азайту. Әзірге еш мемлекет бұл мәселені түбегейлі шешкен жоқ. Кей елдер енді қарастырып жатыр, енді бірінде бұл тақырып жабулы. Дегенмен біз отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде белгілі бір нәтижеге жеткен елдердің үздік тәжірибесін ескердік, – деді С.Имашева.

Отырыста сөз алған Мәжіліс депутаты, ҚР Президенті жанындағы әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы Ұлттық комиссияның мүшесі Қ.Әбден отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары еліміздің бүкіл аймағында талқыланғанын және жергілікті комиссия бұл бағытта жұмысын ширату керектігіне тоқталды.

Отырысқа қатысқандар республикалық әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жергілікті комиссиямен бірлесіп, ақпараттық-консультативтік көмек көрсетуі және олардың отырысына онлайн режиміне қатысу мүмкіндігі қарастырылуы керек екенін айтты.

Қалалық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәркенова да кешенді жұмыс жасалуды қолдайды.

– Зорлық-зомбылық жасаушы агрессормен жұмыс жүргізілуі керек. Оған мұндай әрекет үшін қарастырылған жауапкершілік туралы айтылып, қоғамдық жұмыстарға тарту немесе мәжбүрлі түрде психологқа бару ұсынылуы қажет. Бұл бағытта кешенді жоспар жасалуда, – деді ол.

# БАЛАЛАР КОРПУСЫ АШЫЛАДЫ

Жыл соңына дейін көптен күткен күрделі жөндеуден кейін №4 қалалық емхананың балалар корпусы қала тұрғындары үшін ашылады. Бұл туралы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов жазды.



Аталған емханада жеткізу және шығару желдету жүйесі, шатыр, лифт қондырғылары, керамогранит, терезелер, есіктер толығымен ауыстырылып, кондиционерлер орнатылды. Сонымен қатар, емдеу мекемесінің медициналық техникалары айтарлықтай жаңартылып, медицина қызметкерлері мен келушілерге арналған жиһаздар сатып алынды.

– Емхана 2007 жылдан бері жұмыс істейді және содан бері жөндеу көрмеген. Соны ескеріп қолға алынған жөндеу жұмыстары елорда әкімдігі мен мәслихат депутаттары қабылдаған және әзірлеген «Астананың денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарының» арқасында мүмкін болды, – деді Е.Каналимов.

Оның айтуынша, құрылғалы бері алғаш жөндеуден өткен №4 қалалық емхана мен №5, №8, №11, №15, №1 көпбейінді балалар ауруханасының орталық зарарсыздандыру бөлімшесі және медицина саласының басқа да бірқатар объектілері қайта ашылып жатыр. Бұл мекемелерде лифт жабдықтары, жылу трассалары, шатыр жабыны ауыстырылып, медициналық жабдықтар сатып алынған.

# ҚЫЗЫЛША АСҚЫНУЫ АЗАЙДЫ МА?

Бүгінде елордада қызылша жұқтырған барлығы 731 адам тіркелді, оның 73 пайыздан астамы – 14 жасқа дейінгі балалар. Осыған орай қалада қызылшамен күрес күшейтілген режимде жүргізілуде. Астана коммуникациялар орталығында өткен брифингте қаланың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Сархат Бейсенова қызылша бойынша эпидемиологиялық жағдай әлі де көңіл көншітпейтінін айтты.



**Райхан РАХМЕТОВА**

– Қазіргі таңда елордадағы эпидемиологиялық жағдай тұрақталып келеді. Бірақ, сонда да болса вирус әлі бар, ауырғандар саны онша азая қоймады. 14 жасқа дейінгі балалар арасында тіркелгендердің ең көбі – 4 жасқа дейінгі балалар. Егу жасына жетпеу себебінен ауырып қалған 430 сәби болса, соның ішінде 100 баланы 1 жасқа дейінгі сәбилер құрайды. Науқас балалар мен жасөспірімдердің 93%-ы әртүрлі себептермен вакцинация алмаған, яғни, науқастардың 55%-ы вакцина алудан өз еркімен бас тартса, 25% науқаста медициналық қарсы көрсетілімі болған. Ал 18%-ы егу жасына жетпегендер санатынан, – деді С.Бейсенова.

Елорданың ұйымдастырылған ұжымдарында қызылша жұқтырған 209 адам тіркелген, оның 30-ы – студенттер, 58-і – оқушылар және 121 – мектеп жасына дейінгі балалар.

– Қала тұрғындарына, әсіресе ата-аналарға айтарым, қызылша инфекциясын, сондай-ақ оның асқынуын болдырмайтын жалғыз тиімді құрал вакцина екенін ұмытпайық. Егер өзіңізді бала денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарайтын ата-ана деп санасаңыз, екпе күнтізбесіне сәйкес балаңызға міндеттелген қызылшаға қарсы вакцина жасатуға және қосымша жаппай иммунизациядан өтуге кеңес беремін, – деді дәрігер.

Қазір қалада 327 науқас стационарлық ем алып жатса, соның 248-і – балалар. Қараша айында барлық емханаларда 6 айлықтан бастап 10 айлыққа дейінгі сәбилерге жаппай екпе салу жұмыстары басталды. Ал 5 желтоқсаннан бері қызылшаға қарсы екпе 2-4 жастағы балаларға салынып келеді. Бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету ұйымдарында қызылшаға қарсы екпенің 8600 дозасы бар. Тағы 121 мың дозасын жеткізу жоспарланып отыр. Бүгінде қалада қосымша жаппай иммундау науқаны аясында тиісті контингенттің 13,1 пайызы, яғни 16447 адам екпе алды.



# NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА ЖӘРДЕМ

Астана қаласында жастарды жұмыспен қамту және олардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін бірқатар жоба іске қосылған. Солардың бірі NEET санатындағы жастардың үлесін азайтуға ерекше мән беріліп келеді.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Бүгінгі таңда елордада жастардың жалпы саны 232 мыңды құрайды. Оның ішінде жұмыссыз бола тұра, оны іздеуге және еңбек етуге құлқы жоқ, білім алумен немесе оқытумен айналыспайтын NEET санатындағы жастардың үлесі 6,7 пайыз болып отыр. Яғни 15 мыңға жуық жас бос сенделіп жүр.

NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу барысында олардың не ойлайтынын, бостан-бос сенделіп жүруіне қандай себептер ықпал ететінін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, бәрін жан-жақты зерттеу маңызды. Бұл ретте еліміздегі «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жыл сайын әлеуметтік зерттеу жүргізіп отырады. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша әзірленген «Қазақстандағы NEET жастардың әлеуметтік ұстанымдары» атты зерттеу жұмысы биыл жарияланды. Бұл әлеуметтік сауалнамаға 14-28 аралығындағы жастар қатысты. NEET санатындағы жастардың қандай құндылықты алдыңғы орынға қоятынына мән берсек, басым бөлігі – 47,1%-ы берік және тату отбасын құруды көздейді. Қалған құндылықтарға көбіне материалдық сипаттағы мақсаттар кірді: көп ақша табу – 37,9%, өз үйің, пәтерің болуы – 36,2%, жақсы, қызықты жұмысқа тұру – 32,6%. Ал материалдық емес мақсаттардың екінші тобында жақсы білім алу (30,1%), адал достардың болуы (22,4%), адамдарға көмектесу (12,7%) және өзін-өзі дамыту (11,6%) таңдалды. Қызығы, әлеуметтік көңіл-күйі мәз болмағанымен, NEET жастардың 79,3%-ы қазіргі өміріне қанағаттанады екен. Тек 3,1%-ы өзінің өмір сүру салтына мүлдем көңілі толмайды.

Оқуға, жұмыс істеуге талаптанбау, құлықсыздық таныту – NEET санатындағы жастардың ең негізгі сипаты. Өкініштісі, бұлардың көбінің әлі де еңбек етуге аса ниеті болмай отыр. Аталмыш зерттеуде бұл жастардың 58,3%-ы мүлдем жұмыс іздемейді екен. Ал жұмыс істеуге аздап талаптанатындар бірқатар кедергіге тап келетінін алға тартады, атап айтқанда, төмен жалақы (51,6%) мен тәжірибенің жоқтығы (44,7%). Сонымен қатар дипломның болмауы (18,5%) және қажетті дағдылардың жетіспеушілігі (27,5%) жұмысқа орналасуға қолбайлау болады-мыс. Әлеуметтік зерттеу нәтижесі NEET санатындағы жастардың мәселелерін жан-жақты анықтап, оларды еңбекке тартуда нақты бағыттарды нығайтуға мүмкіндік береді.

> Оқуға, жұмыс істеуге талаптанбау, құлықсыздық таныту – NEET санатындағы жастардың ең негізгі сипаты. Өкініштісі, бұлардың көбінің әлі де еңбек етуге аса ниеті болмай отыр. Аталмыш зерттеуде бұл жастардың 58,3%-ы мүлдем жұмыс іздемейді екен

Ал Астана қаласында 2023-2025 жылдарға арналған уақытша жұмысқа орналастырылмаған жастармен (NEET санатындағы жастар) жұмыс жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде жастардың, оның ішінде уақытша тұрақсыз жастардың әлеуметтенуіне мән беріледі. Жол картасы аясында жастарды жұмыспен қамту, сондай-ақ жас кәсіпкерлерге гранттар беру және жеңілдетілген несие беру бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылады. Сондықтан елордада жастар саясатын дамытуда іс-шаралардың дені жастарды жұмысқа орналастыру және оларды өндірістік қызметпен қамтамасыз ету, уақытша тұрақсыз жастар санын қысқартуға бағытталады.

> Елордалық жастардың жұмыссыздығын төмендетуде әсіресе еңбек етуге не оқуға құлқы жоқ NEET санатындағы жастармен жүйелі жұмыс қажет. Олардың санын мейлінше азайту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізіледі. Солардың қатарында елорда тұрғындарын жұмыспен қамтып, табысын арттыруға бағытталған «JOLTAP» жобасы аясында Freelance Mumkindik бағдарламасы бар

NEET санатындағы жастарға жұмыссыздар, оның ішінде ЖОО-ны бітірген және жұмыс іздеп жүрген жастар және экономикалық белсенді емес адамдар тобы кіреді. Соңғысы саналы түрде оқымауды немесе жұмыс істемеуді таңдайды екен. Бұл туралы бас қаладағы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы Әлфараби Аймақ мәлімдеді.

«Кейбір жастар жұмыс істеуге, білім алуға немесе кәсіптік немесе қайта даярлаудан өтуге мәжбүрсіз. Оған жас аналар, отбасындағы әлеуметтік осал топ санатындағы мүшелеріне қамқорлық жасайтындар, үй шаруашылығын жүргізетіндер, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жастар жатады.

Жастар арасында ең өзекті деген екі мәселе бар. Бірі – жұмыспен қамту болса, екіншісі – тұрғын үй мәселесі. Жұмыспен қамту саласында гендерлік теңсіздіктің барын айтсақ болады. Себебі жұмыс берушілер жастарды жұмысқа аларда ер адамдарға басымдық беріп жатады. Бұл мәселе NEET санатына жататын және көпшілігі икемді кестемен жұмыс істеуді қажет ететін жас аналардың көп жағдайда жұмысқа орналаса алмауымен де расталады. Соңғы жылдары NEET санатындағы қазақстандық әйелдердің үлесі ер адамдардан екі есе көп екені байқалады» деді спикер.

Елордалық жастардың жұмыссыздығын төмендетуде әсіресе еңбек етуге не оқуға құлқы жоқ NEET санатындағы жастармен жүйелі жұмыс қажет. Олардың санын мейлінше азайту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізіледі. Солардың қатарында елорда тұрғындарын жұмыспен қамтып, табысын арттыруға бағытталған «JOLTAP» жобасы аясында Freelance Mumkindik бағдарламасы бар. Оқу бағдарламасы бизнес көшбасшыларының талаптары мен стандарттарына сай құрастырылған. Бағдарлама ұйымдастырушыларының айтуынша, білім алуға өтініш білдіргендердің 60 пайыздан астамы – елорданың 35 жасқа дейінгі жұмыссыз тұрғындары.

Freelance Mumkindik оқыту жүйесі негізінде жылдың соңына дейін 500 азаматқа 7 өзекті цифрлық мамандықты үйрету жоспарлануда. Тегін негізінде оқытылатын бағдарлама әсіресе жастар қызығатын таргетолог, SMM, видеограф, маркетплейс, мобилограф, графикалық дизайнер және web-дизайнері секілді мамандықтарды қамтиды. Оқу аяқталғаннан кейін қатысушылар сертификат алып, ал олардың түйіндемелері JUMYS TAP Telegram-ботында жарияланады. Қазірдің өзінде модульдік пункттер арқылы 3 мыңнан астам азамат цифрлық мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқытуға жазылды. Оқу бағдарламасының алғашқы легінде 177 адам оқып жатыр.

Одан бөлек, биыл «Астана жастары» ЖРО жастардың жұмыссыздығын азайту мақсатында 7 бос орындар жәрмеңкесін өткізіп, оған 6000-нан астам жастар мен студенттер қатысты. Нәтижесінде 500-ге жуық адам жұмысқа орналастырылды.

Елордалық жастар, әсіресе NEET санатындағылар өздерің мазалаған сұрақтар бойынша қаланың 4 ауданында жұмыс істейтін «Жастарға қызмет көрсету орталықтарына» жүгіне алады. Биыл бұл орталықтарда 9 мыңға жуық адамға кеңес берілді. Келіп түскен өтініштердің 80-90% кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру және тұрғын үй мәселелері бойынша болды. Орталықта «Отбасы банкі» АҚ, «Жұмыспен қамту орталығы» КММ, «Атамекен» ҰКП, «Астана жастары» КММ және басқа да ұйымдардың қызметкерлері жастардың жоғарыда аталған өзекті мәселелері бойынша кеңес береді.

# ТІЛЕКТЕСТІҢ БРИГАДАСЫ

Елорданың Байқоңыр ауданында Өндіріс деп аталатын үлкен тұрғын алабы бар. Аты айтып тұрғандай, қаланың бұл бөлігінде ірі өндірістік кәсіпорындар орналасқан. Вагон жөндеу зауыты, Локомотив депосы, ЖЭО орталықтары, басқа да көптеген өндіріс орындары орналасқан.



Өндірісте тұрғындар саны да кейінгі жылдары күрт өсті, соңғы мәлімет бойынша 50 мыңнан асып жығылады. Бүгінгі әңгіменің өзегі өркендеп дамып келе жатқан Астанамыздың шет аймағының тіршілігі туралы болмақ. Соның ішінде қала шаруашылығының бел ортасында жүрген шағын ұйымның атқарып жатқан жұмысын көрсету еді. Бұл ұйымның аты – «Тілектестің бригадасы». Олар көшелерді тазалау мен көгалдандыру жұмысымен айналысатын «Керемет» ЖШС қарамағына кіреді. Шағын бригаданың құрамы – 8 адам. Алтауы – ер азамат, екеуі – нәзік жандар. Барлығы дерлік немере сүйген жасқа келгендер, арасында зейнетке шығуға жақындап қалғандары да бар. Бұл жерде айқындап айтатын бір ерекшелік – бұл бригада жаман әдеттен мүлдем алшақ, темекі тартпайды, ішімдік ішпейді. Атқаратын жұмыстары – көшенің тазалығын ұстау, сонымен қатар мезгілдік көгалдандыру жұмысын жүргізу. Олардың қарамағында – 20 аялдама, 2 мектеп, 2 балабақша, 20 шақырымнан артық жаяу жүргіншілер тротуары. Қыстың қақаған аязында, ақтүтек боранында, жаздың аптап ыстығында, күздің қара суығында, көктемнің жауынды-шашынды кездерінде бірқалыпта жұмыс істей береді. Жұмыстары жазда таңғы 6-да, қыста 7-де басталады. Түскі үзіліс 3 сағат, содан кешкі 7-8 ге дейін, көше бойлап, квартал аралап тазалау жұмыстарын жүргізеді. Жиған қоқыстарды «Керемет» ЖШС бөлген жүк көлікке экскаватормен артып, полигонға жөнелтіп отырады. Осы бір қарағанда қарапайым жұмыс сияқты болып көрінгенімен, тереңірек үңілсек, маңдай тер төгілген, шыжығы бастан асатын жұмыстың өзі.

Бригадир Тілектес Тленованың жұмысты дұрыс ұйымдастыруының арқасында белгіленген көше аумақтары әрдайым тап-таза болып тұрады. Тілектес Нұрқасқызының мінезі қалыптасқан, еңбек тәжірибесі мол азаматша. Ол – өз бригадасына қамқор бола білген, әр мүшесінің жағдайын біліп, көмегін беріп риза қылып жүрген басшы. Өз адамдарының қай поликлиникада тіркелгенін, балаларының қай мектепте оқитынын, қандай автобуспен жұмысқа келіп-кететініне дейін біліп отырады. Айлығын, басқа да материалдық көмекті уақытында бергізуді қадағалайды. Оның тағы бір мінезі, аудан көлеміндегі дұрыс жүрмей жатқан мәселелерді ашық, әділ сөзбен әкімге, өңірден сайланған депутатқа жеткізіп, міндеттердің орындалуын қадағалап жүреді. Мысалы, былтыр салынған №23 мектепте салынған қосымша бөліктің дұрыс аяқталмағанын, қағаз жүзінде қабылданбағанын қала әкіміне дейін жеткізіп, қазір жақсы нәтижеге жеткізгенін көзіміз көрді. Аудан әкіміне бұрынғы 6-училище болған 3 қабатты ғимаратты бос қаңырап тұрғанша, неге емханаға айналдырмасқа деп мәселе көтеріп жүр. Дәл солай пошта бөлімшесіне ыңғайлы ғимаратты көрсетіп, ашуды ұсынды. Халыққа қызмет ету мінезден деп Әлихан Бөкейхан бабамыз айтқандай, осындай мінезді адамдар біздің арамызда жүр. Ризашылығымызды білдіріп, газетке жазуды жөн көрдім.

**Бейсембек ӘЛКЕНОВ,**
**қала тұрғыны, кәсіпкер**

# ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАРА МА?

Бізде бір қуанарлығы сол, «eGov электронды үкімет порталының» жұмысы жақсы жолға қойылған. Ақпараттық-коммуникациялық инновациялар есебінен мемлекеттік биліктің ел халқымен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін әзірленген жоба азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттестігін ыңғайлы, қарапайым, қолжетімді және түсінікті ету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. 17 жылдың ішінде порталға 14 млн қолданушы тіркеліп, 400 миллионнан астам қызмет алған. Мемлекет көрсететін қызметтерді жеңілдетіп қана қоймай, жемқорлық тәуекелдерін төмендетіп отыр. Азаматтардың өмірін қолайлы ете түскенін атап өту қажет.



**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

«Электронды үкімет жобасы бойынша әлемдегі көшбасшы елдердің қатарына кіріп отырмыз. Онлайн қызметтер көрсету жөнінен алғашқы ондыққа кіреміз. Осы жылдың аяғына дейін электронды негізде смартфон арқылы көрсетілетін мемлекет қызметтерінің үлесін 90 пайызға жеткізу міндеті тұр. Мобильді қосымшаны қазірдің өзінде 3 миллиондай адам қолданып жүр. Бұлардың бәрі – ай сайын оның қызметіне жүгінетін белсенді қолданушылар» деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Осыдан он жылдай бұрын, 2012 жылдары «eGov электронды үкімет порталында» мемлекеттік қызметтердің 77 түрі қолжетімді болса, бұл – қазіргі бар қызметтің 11 пайызы ғана. Бүгінде 700-ден астам мемлекеттік қызметті онлайн форматта, яғни телефонмен оңай алуға болады. Енді тек алыс, шалғай жатқан ауылдарды интернетпен, қолжетімді ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз ету мақсатында жұмысты жеделдету Цифрлық даму және аэроғарыш министрлігінің басты міндетіне айналуы тиіс.

Тиімділігін әлі де зерттеу керек шығар, соңғы уақытта «Ашық НҚА» порталында азаматтар заң жобаларын талқылауға да қатысып жүр. Мемлекеттік органдарға қатысты халықта сұрақ көп, бірақ жауап үнемі кешігіп, я түсініксіз тілде келетіні тағы рас. Орысшадан қазақшаға немесе қазақшадан орысшаға шала аударылған мәтін түріндегі мардымсыз жауаптар бұқараның көңілін толтыра алмайды, құрғақ статистикалар қарапайым халықтың не түсінерін білмей дал болды.

### ТӘРТІП САҚШЫСЫ ТҰРҒЫНДАР ШАҒЫМЫНА ҚҰЛАҚ АССА...

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты – билік пен халық арасында конструктивті диалог орнату болса, қоғамдағы ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел түрде назар аудару – басты басымдықтың бірі. Цифрландыру дәуірінде, электронды Үкімет қарқынды дамып жатқан кезде бұл іс кешеуілдемейтін шығар деген үмітте болғанымыз рас. Тұрғындардың көп бөлігі солай ойлады. Содан бері не істелді, не өзгерді дейсіз ғой. Мысалды күнделікті өмірден алсақ дейміз.

Өмір жолында талай тағдырды тоғыстырып, сан арманның орындалуына себеп болған елорданың қауіпсіздігіне әуел бастан зор мән беріліп келеді. Соңғы 10 жылда халық саны екі есе өсіп, тұрғыны бүгінде 1 миллион 400 мыңға жеткен қаланың ең бірінші қарапайым халық үшін қолайлы, қауіпсіз болуы да күн тәртібінен түскен емес.

### КӨП ШУЛАЙТЫН КӨРШІЛЕРДІ ҚАЙТЕМІЗ?..

Қала болғасын көршіде болып жатқан ұрыс-жанжал немесе дау-дамай, төбелес, айқай-шу қабырғадан естіліп, түн жарымында не таң алдында ұйқыңнан шырт оятатыны рас. Көршің ішімдікпен «дос» болса, сыртта жүрсең да өзің, балаларың үшін алаңдап тұратының және рас. Ондай көрші сөзге де түсінбейтін, абақтыға барып келсе де тыным таппайтын жүгенсіз біреу болса, көршісінің мезгілсіз есігін қағып, елдің мазасын алатын бұзақы болса, тіпті қиын...

– Астанадағы биік ғимарат, зәулім тұрғын үйден пәтер сатып алғанда кеудемді ерекше қуаныш кернегені рас, – дейді редакциямызға көршісі үстінен шағым айта келген зейнеткер Айым Қамалова. Полицияны талай шақырдық, көршіні ұстап әкетеді де, бір тәуліктен соң баяғы ішкен күйі пәтеріне қайта келеді де тағы әуеніне басады... Ортақ дәлізге (подъезд) шығады да өзіне келген, әбден ішімдікке мас біреулермен төбелеседі де жатады. Заңды бұдан да қатаңдатпаса, я басқа шаралар қолданылмаса, уақытша абақтыға қамалғаннан пайда жоқ, – дейді қария шырылдап.

Қазіргідей заманда қала не аудан полициясы бастығына әлеуметтік желі арқылы шағымдану – шулай беретін көршілермен күресудің жалғыз жолы емес.

Түнде шулайтындарды әкімшілік жауапқа тартуға болатынын бәрі біле бермейді. Егер масаң күйде түнді уақытта көршілерін мазаласа ҚР ӘҚбК 437-бабына (Тыныштықты бұзу) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері, сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін тыныштықты бұзуы, осы бап бойынша бес айлық есептік көрсеткіштен он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар масаң күйінде қоғамдық орында көршілерінің мазасын алса, ҚР ӘҚбК 440 (Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу) бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша бес айлық есептік көрсеткіштен он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу талабы орындалады.

Қоғамдық орында масаң күйінде көршілеріне былапыт сөйлеп мазасын алатын болса, ҚР ӘҚбК 434-бабына (Ұсақ бұзақылық) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады, осы бап бойынша жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді немесе бестен отыз тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады, – дейді Астана қаласы Полиция Департаментінің басқарма бастығы, полиция майоры Мирхат Құрманғалиев.

### ТЫНЫШТЫҚ НОРМАЛАРЫ

Заңға сай көршілермен тату тұрып, тыныштық сақтау, әсіресе, халқы тығыз орналасқан үлкен қалаларда өте маңызды.

Қазіргі заңнамада түнгі тыныштыққа қатысты нақты норма бар. Дегенмен, күндіз де қатты шулаған адамдарға айыппұл салуға болады. Себебі тиісті нормативтерде тұрғын үйлердің ішіндегі дыбыстық шектеулер белгіленген. Оның деңгейі күндіз 45-55 децибелден аспауы тиіс. Мәселен, көрші музыканы қатты қойса, оның дыбысы 55 децибелден асып кетуі әбден мүмкін. Алайда полицейлер оны өлшей алмайды. Себебі арнайы құрал-жабдықтары жоқ. Заңгерлер санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарын шақыруға кеңес беріп отыр. Өйткені дыбыстық шектеулерге қатысты гигиеналық норматив солардың құзіретіне жатады.

Санитариялық қызметтің мамандары Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 425-бабы – «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» бойынша айыппұл сала алады. Оның мөлшері де әртүрлі.

**Ресми органдар берген мәліметке сәйкес, шу күндіз 55 децибел, кешке 45 децибелден аспауы керек. Оны былай түсіндіруге болады:**

*• дауыс көтермей сөйлесу – бұл 40–50 децибел;*

*• айқай, баланың жылауы, шаңсорғыш дыбысы – 80-90 децибел;*

*• түрлі жөндеу жұмысы – 100 децибелге дейін;*

*• кен балғасы не рок концерті – 120 децибелге дейін.*

### ПОЛИЦИЯ КӨМЕККЕ КЕЛЕ МЕ?

Егер шудың сізге қатты зияны болмаса, тыныштық бұзған көршілерді жай ескертіңіз. Олар айтқаныңызды елемесе, 102 (үй телефонынан) не 112 (мобайл телефоннан) нөміріне қоңырау шалып, полиция шақырыңыз не бөлімше инспекторына барып, шағым жазыңыз.

Полиция келгенде әкімшілік құқық бұзу туралы шағым жазасыз.

Онда оны кімнің атына жазғаныңызды, толық аты-жөніңіз, мекенжайыңыз бен телефон нөміріңізді, болған жайтты, міндетті түрде шулаған көршілер пәтерінің нөмірін не мекеме атауын, шу қашан басталып, қашан біткенін жазыңыз, соңында полициядан қандай да бір шара жасауын талап етіңіз.

Қайтадан полиция шақырыңыз. Құқық бұзу бір жыл ішінде қайталанса, айыппұл екі есе артады.

*• Жеке тұлғалар – 10 АЕК-ге дейін (1 АЕК – 3450 теңге)*

*• Шағын кәсіп не коммерциялық емес ұйым – 40 АЕК*

*• Орта кәсіп – 60 АЕК*

*• Ірі кәсіп – 150 АЕК*

Егер полиция келмесе не көршілер ескертуіңізді елемесе, өзіңіз не басқа көршілермен бірігіп сотқа шағымданыңыз.

Бір жылдың ішінде тәртіп бұзушылық қайталанса, айыппұлдың мөлшері екі есеге өседі. Бірақ заңға сәйкес, шұғыл қажеттілігі бар жұмыстар үшін айыппұл салынбайды.

**P.S:** ***Учаскелік уәкілдер тұрғындармен үнемі байланыста, тығыз қарым-қатынаста болса ғана, оңтайлы қатынастың арқасында ғана қылмыстың алдын алуға болады. Тәртіп сақшысы болу шыдамдылық пен ерекше төзімділікті талап етеді. Елдің елдігін қадағалап, ішкі тәртібін бақылап отыратын полиция қызметкері болу – өте жауапты іс екенін құзыретті орган өкілдеріне тағы да айтқың келеді. Аумақтағы қоғамдық тәртіп, қылмыстың алдын алуда, көшедегі тәртіпті бақылауда белсенді тұрғындар, жастар ұйымдары көп көмек көрсетсе игі. iКотек-ке барып, өтініш айтып жүргенде уақыт кетеді, қылмысты дер кезінде құрықтау маңызды. Сонда ғана қала жайлы, қолайлы, әрі қауіпсіз болмақ. Бас қаланың қолайлылығы ең бірінші осымен бағалануы тиіс.***

Елімізде 550 мың көпбалалы және 107 мың ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар бар, олардың жартысынан көбі баспанасыз. Ерекше балаларға ерекше жағдай керек! Біріншісі, денсаулығына қосымша қаражат қажет, екіншісі, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жасауымыз керек. Бізде қаншама аналар баларын жетектеп не үй ала алмай, не бала еміне ақша таппай жүр.

# «ОТБАСЫЛЫҚ КАПИТАЛ» КӨП МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ



Қазіргі біздің елімізде болып жатқан мәселелердің барлығы осы жоқшылықтың кесірінен. Қаншама ата-аналар осылай табыс табу үшін бірнеше жұмыста істеп балаларын үйде қараусыз қалдыруға мәжбүр. Ең алдымен, балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын, тәрбиесін бірінші орынға қоюмыз керек.

Біз жеріміз, еліміз бай деп мақтанамыз. Онда бұл мәселелер қайдан шықты? Атаулы әлеуметтік көмекті ала алмай, төмен айлық пен жәрдемақыны жеткізе алмай, несиеге батқан біздің халқымыз не істейді? Сондықтан біз осындай мәселелердің алдын алатындай шара жасауымыз керек. Ол халықтың емін-еркін күнкөруіне көмектесетін кез келген үкімет тарапынан көмек: айлық пен жәрдемақы мөлшерін көтеру, үй алу жолдарын қолжетімді жасау.

Демографияны көтеріп жатқан көпбалалы отбасылардың біразы кедейшілікте өмір сүріп жатыр. Халық саны туралы мәліметтерді салыстыра отырып, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері халық саны 16 миллионнан 20 миллионға, яғни 32 жылда 4 миллионға ғана өсті. Демографиялық саясатты жүзеге асыруға, оның ішінде отбасыларға қаржылық қолдау көрсетуге күш салып жатқан көршілес Ресей мен Беларустың тәжірибесіне назар аударуымыз керек. Мысалы, Ресейде 2007 жылдан бастап жұмыс істей бастаған «Аналық капитал» бағдарламасы бар. Осы бағдарламаға сәйкес, бала туылған кезде отбасы 587 мың рубль, біздің ақшаға аударғанда 3 млн теңге мөлшерінде көмек алады. Беларустағы 2015 жылдан бастап енгізілген «Отбасылық капитал» бағдарламасы – үшінші немесе одан кейінгі балалар туылған, асырап алған кезде отбасыларға біржолғы қолма-қол қаражат мөлшері 10 мың АҚШ долларын, яғни 4 млн 650 мың тг құрайды.

Мұндай бастаманы енгізу ресейлік және беларустік отбасыларға қолдау көрсетіп қана қоймай, осы елдердегі туу көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік берді. Отбасылар бағдарламаның қаражатын тұрмыстық жағдайларын жақсартуға және басқа қажеттіліктеріне жұмсады.

Біздің ойымызша, бұл механизм тиімді және іс жүзінде өзінің нәтижесін көрсетті. Бірақ мұндай жүйені енгізу мүмкіндігі басқа елдердің оң тәжірибесіне қарамастан Қазақстанда әлі қарастырылмаған. Біз отбасында төртінші бала туылғанда немесе отбасыда ерекше бала болса 5 000 АҚШ доллары, яғни 2 млн 300 мың теңге мөлшерінде «Отбасылық капитал» бағдарламасын іске қосуды ұсынамыз. Бұл капитал үш бағытта жұмсалу жоспарланады. Бірінші, үйсіз жүрген отбасыларымыз баспаналы болу мүмкіндігі пайда болады. Екіншісі, білім ала алмай жүрген көпбалалы отбасынан шыққан балалардың арманы орындалады. Үшіншіден, бұл қаражатты отбасылар балаларының денсаулығын жақсартуға қолдана алады.

«Отбасылық капитал» сияқты мемлекеттік қолдаудың мұндай жүйесін енгізу елімізде халық санын айтарлықтай арттырады және қиын жағдайға тап болған отбасыларға қай жағынан болса да нақты көмек болады.

**Гауһар ТАНАШЕВА,**
**Мәжіліс депутаты**





# ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІН ЗЕРТТЕМЕСЕК, КӨШТЕН ҚАЛАМЫЗ

Қазақ мемлекеті, қазақ мәдениеті, қазақ жазуы, қазақ тарихы, қазақ жері, қазақ қалалары – осының бәрі, тұтастай алғанда, қазақ өркениетінің негізін құрайды. Ел, мемлекет болып өрлеуіміз тікелей осы ұғымдарға байланысты. Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, академик Еренғайып ОМАРОВ қазақ өркениеті мәселесімен біраз жылдан бері айналысып, «Қазақ өркениеті» тұжырымдамасын ұсынды. Белгілі ғалыммен сол төңіректе әңгімелестік.

## ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАЙДЫ

**– Еренғайып Сәліпұлы, біраз жылдан бері қазақ өркениеті мәселесін зерттеп келесіз. Тіпті «Қазақ өркениеті» тұжырымдамасын ұсынып, монографиялар жаздыңыз. Мемлекет, ұлт болып дамуымызда бұл ұғымның үлкен маңызы барын сезіп отырмыз. Десек те бұл жайлы өзіңіз айтып берсеңіз.**

– Өркениет теориясы қазіргі кезде үлкен бір әлемдік ғылыми және саяси идеяға айналды. Егер біз бұл идеяны байқамайтын болсақ, онда қазіргі кездегі әлемдік ғылымның негізгі даму беталысы мен ғылыми даму болашағы мәселесінен көз жазып қалуымыз мүмкін. Екіншіден, қазақ өркениеті мәселесін зерттеу замана талабынан туындап отыр. Оны өзіміз, қазақтар, зерттемесек, басқа елдің ғалымдары айналысады. Ал олардың бұл мәселені қай тұрғыда зерттейтінін кім білсін?! Жасыратыны жоқ, егемендік алғанша қазақтың тарихын басқа елдің ғалымдары жазып келді емес пе?!

Қазіргі жаһандану заманында өркениетті әлем өркениеті жоқ халықты мүлдем жұтып жіберуі әбден мүмкін. Сондықтан әр елдің өзіне тән мызғымас тірегі – өркениеті болуы керек. Өркениет бар болса жандандырып, ұмыт болып бара жатса еске түсіріп, жас ұрпақтың қанына сіңіру қажет. Қазақта өркениет бар, шүкір. Кейін өкінбейік десек, қазақ елі, қазақ мемлекеті сақталсын деп тілесек, сол өркениет құрдымға кетпей тұрғанда қимылдап қалуымыз керек.

Өркениет – әрі нәзік, әрі ауқымды ұғым. Оның құрамына мемлекет, мәдениет, жазу, тарих, жер кіреді. Жері, мемлекеті, өз жазуы жоқ ел өркениетті елге жатпайды. Қазір ұлттық рухты көтеріп, ұлттық идеяны анықтайық деп қазақ ғалымдары, зиялылары жар салып жатыр. Бұл туралы баспасөзден оқып та, естіп те жүрміз. Ал ұлт – өркениет субъектісі, өркениеттің қозғаушы күші. Ұлт жоқ жерде өркениет те жоқ. Ұлттық сана тек қана өркениетті елде қалыптасады.

**– Сіздің пікіріңізше, ұлттық идеяны қалай қалыптастырып, ұлттық рухты қалай көтереміз?**

– Өкінішке қарай, ұлттық идеямыз әлі қалыптасқан жоқ. Әрине, талай жұмыс атқарылып жатыр. Бірақ ұлттық идея қысқа да нұсқа болуы тиіс сияқты. Алаш идеясы шыққалы 3000 жылдың шамасы болған шығар. Кезінде Геродот «сақтардың ішінде Алаш деген көне халық бар» деп жазып кетті. Ұлттық идея өркениет негізінде құрылып, халықты ұлт ретінде біріктіріп, оны жарқын болашаққа жетелеуі тиіс.

Тәуелсіздік заманында туған ұрпақ ұлы өркениеттің сынығы екенімізді біліп өссе деймін. Бұл тарапта күні кеше ғана дүниеден озған Американың ғалымы әрі мемлекет қайраткері Генри Киссинджердің «Қазақстан – өркениеттер бесігі» деген сөзін еске түсіре кетсек артық болмас. Меніңше, қазіргі маңызды іс – ұлттық идеяны байрақ қып көтеретін жастарды тәрбиелеу.

Рух – Ахмет Байтұрсынұлының анықтамасы бойынша халықтың жаны. Ал өзіміз рухты қалай түсінуіміз керек, жас ұрпақтың рухын қалай көтереміз? Бұл мәселенің маңызы өте зор, себебі Қазақстанның жаңа мемлекет екенін сылтауратып, қазақтар бұған дейін мемлекет құрмаған деген сөздер оқта-текте айтылып қалып та жатыр. Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Өркениет тарихында рухты халықтардың аты қалды, заты қалды. Рухты халық – жасампаз халық, тарихи рухтың еңсесі биік, есесі мол екенін ертедегі гректер, римдіктер, византиялықтар, ежелгі ғұндар, сақтар және түріктер білді. Дешті Қыпшақ өз рухының мықтылығы арқасында Еуропа және Кавказ халықтарын қыпшақ тілінде сөйлетті ғой. Қыпшақ тілінің грамматикасы (1581 ж.) жазылып, сөздіктері шықты, соның дәлелі – «Кодекс Куманикус» сөздігі (1303 ж.). Сол заманда шыққан Қыпшақ әнұранының (гимн) нотасы бізге дейін 700 жылдан кейін жетіп, әлемдік премьерасы 2019 жылы 26 қарашада Астанада өтті.

Ал біздің қазақ, Шоқан айтқандай, даланың рыцары – серісі, сайын даланың иесі. Екіншіден, қазақ – үш жүзден құралған құрама халық емес, тұтас халық. Біз бір атадан тараған үш баланың, үш атаның ұлымыз. Түбіміз бір, түбіріміз бір Азия сахарасындағы іргелі халықпыз. Белгілі отандық ғалым Сәбетқазы Ақатай өз мақаласында ұлттық рухты қазақша өмір сүру дәстүрімен байланыстырады. Ұлттың шынайы рухы қазақтардың бес қаруынан, өнерінен – домбырасынан, қобызынан айқын көрінеді. Сақтар кеме жасап, қалалар салған. Ертедегі сақтар бірінші болып асау атты қолға үйретіп, салт атты әскер ұйымдастыра білген. Жылқыны қолға үйрету адамзат үшін үлкен ерлік болды дейді Арнольд Джозеф Тойнби. Қазақтар әскери-демократиялық өркениет өкілі екенін ескерсек, олардың бойында батырлық пен батылдық рухы ежелден басым болған деп айта аламыз.

Қазақтың ұлттық идеясын қалыптастыру – алда тұрған келелі мәселе. Рухты көтеретін тек қана ұлттық идея. Ертедегі Рим империясы құлдыраған заманда «Рим – мәңгілік қала» деген ұлттық идеясының арқасында тағы 5-6 ғасыр өмір сүрді. Рим құлаған соң оны Ресей қағып алып, «Москва – третий Рим» деген ұлттық идея қалыптастырды. Қазақтың ұлттық идеяларының бірі – Алаш идеясына шамамен үш мыңжыл болғандықтан, Римнің ұлттық идеясынан да жасы үлкен болып тұр. Ұлттық идеяны қазақ өркениетінің тұрақтылығын сақтайтын бірден-бір құрал ретінде қарастыруымыз керек.

## БАТЫСТАН ЕНГЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІ ЭРОЗИЯҒА ҰШЫРАТУЫ МҮМКІН

**– Қазіргі жаһандану заманында елімізге Батыстың ықпалын қалай бағалайсыз?**

– Халқымыздың ежелден қалыптасқан дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық рухына Батыс құндылығын байқап енгізу керек, оның озығы да, тозығы да бар. Батыстан енген жаңашылдық салдарынан дәстүрлі мәдениеттің эрозияға ұшырауы барысында құндылықтар жүйесіндегі өзгерістерді кезінде зар заман ақындары мен Абай жырлаған еді. Халқымыздың бойындағы жат қылықтарды саралай келе, «ел қыдырып ас ішіп», арын сататын, ел бұзатын тентектерді Абай «пысықтар» деп атап, оның типін ерекшелейді. Бірақ мұны серілікпен шатастырмайық.

*Пысық деген ант шықты,*
*Бір сөз үшін жау болып,*
*Бір күн үшін дос болып,*
*Жүз құбылған салт шықты.*

Ұлы ақынның бұл сөздері бүгінде де өзінің өзегін жоғалтқан жоқ. Ұзаққа созылған трансформация кезеңдерінен соң ұлттық рух пен дәстүрлі құндылықтар жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Ежелден қазақтар уәде мен антқа берік халық еді. Енді, міне, беріктік өтірік пен сатқындыққа, ер мінезділік пысықтыққа, үлкенге деген құрмет көргенсіздікке, төзімділік шыдамсыздыққа, қарапайымдылық даңғойлыққа айналды. Бірнеше ғасыр бойғы отаршылдық пен тоталитаризмнің салдарынан ұлттық рух танымастай трансформацияланып, санаға құлдық вирус терең ұялап барады, соған тосқауыл қою керек.

**– Ұлттық идеяны байрақ қылып көтеретін жастарды тәрбиелеу керек деп айттыңыз. Ал «қазіргі жастар кітап оқымайды» деген пікірді жиі ұшыратамыз. Осы орайда Отырар кітапханасы туралы сұрасақ деп отырмыз. Себебі осы мәселені зерттегеніңізді білеміз.**

– Отырар кітапханасы өз заманында әлемдегі ең үлкен кітапхана болған. Кітапты өркениетті ел ғана жазады. Себебі кітап пен кітапхана – өркениет категориясы. Отырар кітапханасының мәселесін көтермесек, қазақ өркениеті жабулы қазан күйінде қала береді. Алғашқыда кітапты балшыққа сына жазумен жазып күйдіріп кептірген. Кейін қағаз ойлап тауып, өздері кітап жазып шығара бастаған ежелгі қазақтар – сақтар. Олай дейтінім, Арал теңізінің солтүстігіндегі сақтарды VI ғасырда Аққағаз деген ханшайым басқарған. Кітап жазып, оларды кітапханаларға алғашқылардың бірі болып жинаған өркениетті халық екенбіз, бірақ соны аса қастерлемейміз. Бірде жолым түсіп Александрияға барғанда, алдымен кітапханасына барсам, ішінде кітапқа арналған ескерткіш тұр екен. Сондай ескерткіш Үргеніш қаласында атақты Авеста кітабына қойылған. «Авестаның отаны – қазақ даласы» деген белгілі тарихшы Уахит Шәлекенов. Ойлап қарасақ, көне заманнан бастап кітап жазып, оқып келе жатқан халық екенбіз, сонда өркениеттің діңгегі қазақ даласында көтерілмесе, қай жерде болмақ?

## ҰЖЫМДЫҚ РУХ ӘЛСІРЕМЕСЕ, ҚОҒАМ ҚАЙТАДАН ҚАЛПЫНА КЕЛЕДІ

**– Қазіргі қазақ қоғамында рухани құндылықтарды материалдық байлық басып кетті. Руханият ең соңғы орынға түсіп кетті. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?**

– Қоғам ақыл-есінен адасып, мәңгүрттене бастағанда өзінің руханиятынан айырылып қалады. Рухтың орнын нәпсі басып, сол кезде өркениет іштей ыдырай бастайды. Халықты жаулау арқылы рухты басып тастауға болады. Егер ұжымдық рух әлсіремесе, онда қоғам уақыт өте келе қайтадан қалпына келеді. Кейде қазақ өркениеті туралы сан түрлі ой мен ғалымдар пікірінен кейін көңілінде мынадай сұрақ туады: неге қазақ мемлекеті мен қазақ өркениеті өзінің күш-қуатынан, пассионарлығынан айырылып, дүниежүзілік көштен оқшау қалған? Гүлденген жер жәннаты әркімнің қызғанышын туғызбаушы ма еді, жаулар көбейе бастады.

Аттила заманында гүлденген өлке еді. Еуропа патшалары ғұндармен одақтас болуға тырысатын, балаларын Аттила ордасына оқуға, тәрбие алуға жіберетін. Реті келгенде, Аттиланың туғанына 2025 жылы 1625 жыл болатынын айта кетейік. Оның 14-атасы Тараз қаласын салған. Ғұндар қалаларды көп салған. Аттилаға қазақ жерінде бір ескерткіш қоюға болатын шығар. Еуропада Францияның Шепп деген қаласында Аттилаға ескерткіш қойылып, Мәдениет министрлігінің қолдауымен музей ашылған.

Қазақ өркениетінің дамуы дүниежүзілік көштен оқшау қалған себебі Шыңғыс ханның жорығынан кейін қалалар қирап, құлдырау басталды. Оған, әрине, одан кейінгі хандардың өзара қырқысуы қосылды. Әркімнің өзінше тәуелсіз байбатша болғысы келгені де із-түссіз кеткен жоқ, Еуропа мен орыстар күшейіп, ақыры соларға жем болдық. Сол кездегі ел билеушілерінің ымырасыздығы мен саяси сауатсыздығы, тіпті асқан жауыздығы да өз кеселін тигізбей қоймады.

**– Баланы бесікке бөлеу керек пе, керек емес пе деген дау бар. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Бұрын біздің ұрпақты қалай тәрбиелегеніміз бүкіл әлемге аян. Аттила заманында еуропалық патшалар мен корольдар балаларын бізге тәрбиеге аманатсыз-ақ беріп тұрған. Белгілі ғалым Өмірзақ Айтбаевтың айтуына қарағанда, 1980 жылдары КСРО делегациясының құрамында Англияға барғанда Шекспир музейінен қазақ бесігін көріп таңғалған. Сөйтсе, ағылшынның атақты адамдары балаларын бесікке бөлеп өсіреді екен. Мұндай бесіктерді олар қыпшақ пен қазақ далаларында тапсыриспен жасатуы мүмкін, бәлкім, Англияның өзінде жасайтын шығар. Мүмкін бесіктерді сақсарматтың перзенті, Англияның королі Артур кезінде Англияға әкелген болар.

## ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

**– Белгілі ғалымсыз. Еліміздегі ғылымның жағдайына келсек. Руханият сияқты оған да қолдау аз сияқты.**

– Қазақ ғылымының мүмкіндігі мол. Бірақ мемлекет тарапынан қаржы көп бөліне қоймайды. Жапония сияқты дамыған мемлекеттерде ұлттық қордан 3 пайыздан 5 пайызға дейін қаржы ғылымға бөлінеді. Ал бізде 1 пайызға да жетпейді. Таяуда Қарағандыда шахтада апат болды. Интернеттен оқыдым, бір ғалым метан газы жарылмайтын бір құрал ойлап тауыпты. Бұл туралы сіздің газет те жазды. Бірақ бұл құралды мемлекет менсініп отырған жоқ, яғни қолданбайды. Өндірісте жүрген басшылар ғылыми жаңалық енгізуге мүдделі емес. Жалпы біздің басшылықтың бір қателігі, өндіріске көп көңіл бөлмеді, бәрі сауда-саттықпен кетті. 90-жылдардың ортасында «бұрын қазақтар саудагер емес еді, қазір саудагер болып кеткен бе?!» деп бір таңғалғаным бар.

**– Сіздіңше, бұл күнде ғылымды қалай дамыту керек?**

– Ғылымды дамытудың жолдарының бірі – ұрпақ тәрбиелеу. Келген студентті бірден ғылымға тарту керек. Бірақ бір мәселе, жатақхана жоқ, қайда жататынын білмей жүрген студент бір күні оқуын тастап кетеді, себебі жағдай жоқ. Өзіміз Совет Одағы кезінде оқыдық та, сабақтан жатақханаға келеміз немесе кітапханаға кетеміз. Басымыз кітаптан көтерілмейтін. Тәуелсіздік алғаннан кейін сондай жағдайға жеткізе алмадық. Ғылымды дамыту үшін лабораториялар да керек. Кезінде археологтармен жұмыс істедім. Сөйтсем, оларға ақша бөлмейді екен ғой, қазба жұмысын өз ақшасына жасайды. Кейбір салалардағы лабораториялық зерттеулерге құрал да, шикізат та керек. Ал ол жоқ болса, ғылымды қалай дамытамыз?

**– Биыл Астана қаласына 25 жыл толды. Бүгінде елордамыз саяси, экономикалық қана емес, рухани орталыққа айналды деп айтып жатамыз. Бұған сіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Астана дегеніміз белгілі бір инфрақұрылымның қарапайым жиынтығын білдірмейді. Кез келген шынайы астана халықтың көзқарасын, жан сезімін білдіреді. Астана салуды көздеген адамдар өз халқының тұжырымдамасын, дүниеге көзқарасын, түсінік-түйсігін білуі тиіс. Өйткені бұл қалада жай ғана өмір сүретін сүреңсіз тобыр емес, еркін, шығармашыл әрі мәдениеті жоғары адамдар тұратынын ұмытпаған жөн. Кейде ерекшелік те болады. Астанада мемлекеттің ақыл-ойы болған министрліктер мен Парламент, ірі мәдени ошақтар, ғылыми институттар мен университеттер шоғырлануы тиіс. Әрине, Президент Астанада орналасуы керек. Шет мемлекеттердің елшіліктері де сонда орын тебеді. Бұл – оның екінші шарты. Оның келесі шарты – руханилығы. Мемлекеттер астаналарына жүктелмек ең басты функциялар, міне, осылар.

Айтпақшы, Қазақстан Республикасының жаңа астанасы Астана қаласының атауымен байланысты қызықты бір факт айтайын. Ежелгі Шығыс Түркістанда, Үрімші қаласының шығысынан 80 шақырымға жуық жерде көне қала Тұрфанның қатарында Астана деп аталған ежелгі қала болған. Біздің болжауымызша, көне қала Тұрфан экономикалық мегаполис ретінде қызмет көрсеткен, ал басшылар оның қасындағы Астана деп аталатын қалада тұрған.

Жаңа астана салудан Қазақстан халқы ұтты. Бұл – индустрияны, инфрақұрылымды дамытудың жаңа перспективалары, жаңа жұмыс орындары, ең бастысы, шетел капиталын тарту инвестициялары деген сөз.

**Сұхбаттасқан**
**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

№145 (4578) 07/12/2023 Бейсенбі

# ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН СОҒЫС

**«THE NEW YORK TIMES» ГАЗЕТІ ТАМЫЗДА УКРАИНАДАҒЫ СОҒЫСТЫҢ БІР ЖАРЫМ ЖЫЛЫНДА ЕКІ ТАРАПТАН 500 000 ӘСКЕР ҚАЗА ТАПТЫ ДЕГЕН**



Украина мен Ресейдің соғысып жатқанына 2 жылға таяды. Ресей Қарулы Күштері бастапқыда Киевтің түбіне дейін екпіндеп барғанымен, жарты жылдан кейін шегіне соғысып, Днепр өзенінің шығыс жағалауына дейін ығысты. Дегенмен, Украинаның 20 пайызға жуық аумағы – әлі де Ресей күштерінің бақылауында. Маусым айында басталған Украина армиясының қарымта шабуылы да көздеген нәтижеге қол жеткізе алмады. Қазір соғыс позициялық кезеңге өтті. Яғни соғыстың ұзаққа созылатыны анық.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

### ҚАРЫМТА ШАБУЫЛДАН ҚАЙЫР ЖОҚ

Қараша айының соңында Украина президенті Зеленский Украина армиясының соғыс тактикасын өзгертетінін мәлімдеді. «Украина қарымта шабуыл барысында қалаған мақсаттарға қол жеткізе алмады. Біз жылдам нәтижеге қол жеткіземіз деп ойладық. Оның үстіне, Украина одақтастардан қажетті көлемде қару мен оқ-дәрі алмады, жасақ санының шектеулі болуы да жылдам қозғалуға мүмкіндікті азайтты. Сондықтан біз стратегияны өзгертіп, кеткен қателікті сараптаудамыз. Алдағы операциялар басқаша болады» деді ол.

Жақында «The Washington Post» газеті Украина мен Ресей соғысына талдау жасаған мақала жариялады. Мақалада «Украина Қарулы Күштері жазғы шабуыл кезінде Азов теңізіне дейін жете алмай, алға қойған мақсаттары орындалмады. Оған операцияны жоспарлау кезіндегі Украина Қарулы Күштерінің басшылығы мен Батыстағы одақтастарымен келіспеушілігі себеп болғаны» атап көрсетілді.

АҚШ-тың белді басылымының дерегіне қарағанда, Америка мен Украина әскери қызметкерлерінің арасында тек тактикалық жақтан ғана емес, стратегиялық мәселелер бойынша да елеулі келіспеушілік болған. Мәселен, Пентагон операцияны мейлінше жылдам, яғни Ресей әскері қорғанысын мығымдап үлгергенше сәуір айында бастауды ұсынған. Украина қолбасшылары қару-жарақты көбірек алып, оны әскерге үйретуге көбірек уақыт бөлу керек, шабуылды содан кейін бастаған дұрыс деген ұстанымда болған. Сондай-ақ Американың да, Украинаның да әскери қызметкерлері Ресей әскерінің қорғаныс мүмкіндігін лайықты бағаламаған, олардың жаппай миналап, үлкен шығынға ұшыраса да соғысқа шыға беретінін ескермеген.

Қазан айында Ресей әскері Донецк облысындағы Авдеевкаға шабуыл бастаған соң Украинаның Запорожье облысындағы негізгі шабуыл күші – 47-бригада сонда ауыстырылған. «Washington Post» жазуынша, бұл – Украина шабуылының тоқтағандығының белгісі.

Украина Қарулы Күштерінің бас қолбасшысы генерал Валерий Залужный да «The Economist» басылымына берген сұхбатында майдандағы жағдайдың тығырыққа тірелгенін мойындап, Украина соғыстың жаңа деңгейіне өтуге мәжбүр екенін, соғыстың ұзаққа созылатынын, Батыс пен АҚШ көмекті үзген күнде де соғыс позициялық әдіспен жалғасатынын атап өтті.

Демек, Зеленский де, генерал Залужный да көмек келмеген күнде де соғыс тоқтамайтынын меңзеп отыр. Ал Ресей ұзақ соғысуға әлдеқашан бекініп болған. Украина болса, соғысты өз жерін беріп аяқтағысы келмейді.

### ШЫҒЫН ДА АЗ ЕМЕС...

Қазіргі уақытта соғыс екі тарап үшін де күрделі болып тұр, нақтылап айтқанда, екі жақ та тығырыққа тірелді. Украина соғыс басталғаннан бері батыстың көмегіне арқа сүйеп отыр. Егер Батыстың көмегі болмағанда, Украина қазіргідей ұзақ уақыт қарсылық көрсете алмай, Ресей бірер айда көздеген мақсатына жетіп, соғыс әлдеқашан аяқталған болар еді. Бірақ соғыс Ресей мүлде ойламаған бағытта өрбіді. Өйткені Ресей Украинаға әскер кіргізгенде 2008 жылғы Грузиядағы жағдай қайталанады деп ойлады, Украина халқы қатты қарсылық көрсетеді деп мүлде ойлаған жоқ. Осы немқұрайдылық салдарынан Ресей де ауыр шығынға батты.

Украина қарулы күштерінің бас штабы 5 желтоқсан күні «Ресей Украинаға соғыс ашқалы 333 840 әскерінен айырылды» деп мәлімдеді. Бұл қаза тапқандар мен жараланғандарды да қамтиды. Сонымен қатар, Украина қарулы күштері 2022 жылдың 24 ақпанынан бері Ресейдің 5587 танкісін, 10416 сауытты көлігін, 7987 артиллериялық жүйесін, 605 ракетаға қарсы құрылғысын, 323 ұшақ, 324 тікұшағын, 10483 автомашинасын және 22 кеме/катерін, бір сүңгуір кемесін қираттық деп отыр. Украина тарабының мәліметінше, Ресей 4 желтоқсанның өзінде 1030 солдатынан айырылған. Әрине, сұрапыл соғыс кезеңінде мұндай деректерді нақтылау қиын. Оның үстіне, Киевтің бұл дерегіне қатысты Ресей Қорғаныс министрлігі ешқандай мәлімдеме жасамады.

Соғыс басталғаннан бері екі тарап та майдандағы өз шығындары жайлы толық ақпарат бермей отыр. Мәскеу бір жыл бұрын 5937 солдатынан айырылғанын айтты да, одан кейін ешқандай мәлімет жарияламады. Ал Киев болса, жалпы шығынын соғыс аяқталғаннан кейін жариялаймыз деп отыр.

27 қарашада Британия барлаушылары «кейінгі алты аптада Ресей ең көп шығынға ұшырады. Бұған Ресейдің Авдеевкаға шабуылы себеп болды» деп мәлімдесе, «The New York Times» газеті тамызда Украинадағы соғыстың бір жарым жылында екі тараптан 500 мың әскер қаза тапты деп жазған еді. Ал соғыстың екі елге салған экономикалық зиянын қазір дәп басып айту қиын. Киев экономика институты соғыстың Украинаға салған ойраны 150 миллиард АҚШ долларынан асып кетті деп отыр. Халықаралық валюта қоры 2023 жылдың сәуірінде соғыс салдарынан Ресей экономикасының өсімі 2022 жылы 2,1%-ға төмендеді. 2024 жылы бұл көрсеткіш 1,3%-ға дейін жетеді деп мәлімдеді.

### КӨМЕК ТЕ КЕМІДІ

Осыдан бірнеше күн бұрын НАТО-ның Бас хатшысы Йенс Столтенберг одақтас елдерге «Украина жақтан жағымсыз хабарлар естуге дайын болыңдар!» деп ескерту жасады. Бас хатшының айтуынша, НАТО мүшелері Украинаға береміз деп уәде еткен қажетті қару-жарақты жеткізіп бере алмаған. Атап айтқанда, өткен жылы АҚШ бастаған батыс елдері Украинаға бір миллион данадан астам снаряд жеткіземіз деп Украинаны көже буаз қылып, қазірге дейін мұның 300 мыңы ғана жеткізілген. Демек, батыс елдерінің Украинаға көмек көрсетуде айтуы мен уәде еткен қаруын уағында жеткізуі екі түрлі болып тұр. Оның үстіне, Одақтас елдердің қоймаларындағы қару-жарақ та азайды. Қару-жарақ өндірісін арттырып, көмекті күшейтеміз дегенмен, бұл уәде де күн өткен сайын сиыр құймышақтап барады.

«Жау жағадан алғанда бөрі етектен» дегендей, Таяу шығыстағы жағдайдың күрт ушығуы да Украинаға «жығылғанға жұдырық» боп тиді. Ресей 2022 жылдың ақпанында Украинаға қарсы әскери операцияны бастағаннан бері АҚШ Украинаның ең ірі қолдаушысы болып, Украинаға 100 миллиард доллар әскери көмек көрсетті, оның 43 млрд-ы қару-жарақ түрінде берілді. Қазан айында АҚШ президенті Джо Байден АҚШ Конгресінен Украина мен Израильге қолдау көрсету үшін қауіпсіздікке 105 миллиард доллар бөлуді мақұлдауды сұрады. Алайда Конгрестегі оңшыл республикашылар Украина үшін қосымша қаражатты мақұлдауға қарсылық танытып, тек Израильге ғана көмек көрсетсек деген сыңай танытты. Дегенмен, кейін бұл құжат кері қайтарылып, көмек көрсету көлеміне Украинаны да қамту талап етілді. Қазіргі уақытта АҚШ Конгресі Украина мен Израильге қосымша көмек ретінде 61 миллиард АҚШ долларын бөлді. Бірақ 4 желтоқсан күні Ақ үй АҚШ Конгресіне Украинаға көмек көрсетуге арналған қаражат жыл соңына дейін таусылатынын ескертті. Ал ЕО Украинаға 50 миллиард еуро (шамамен 54 миллиард АҚШ доллары) көмек беру мәселесінде қазірге дейін келісімге келе алмай отыр. Оған Венгрия қарсылық білдіруде.

### ЖАҢА ҚАУІП ТӨБЕ КӨРСЕТТІ

Ресей президенті Владимир Путин өткен жұма күні Ресей әскерінің санын 1,32 миллионға дейін көбейтуге мүмкіндік беретін жарлыққа қол қойды. Бұған Украинадағы соғысқа байланысты қауіптер себеп болды. Сонымен Кремльдің мәліметі бойынша, Ресей Қарулы Күштерінің жалпы саны 2 209 130-ға жетті. Мұның қаншасы Украина соғысына қатысып жатқаны белгісіз. Бірақ әскерінің көптігіне қарамастан Ресей еріктілерді де, шетел азаматтарын да соғысқа тартып жатыр. Ал Украина тарапы соғыс басталған кезде бір миллион азаматты соғысқа жұмылдыруға мүмкіндігіміз бар деп мәлімдегенімен, қазір алдыңғы шепте әскер санының тапшылығы да сезіле бастады. Оның үстіне, 2 жылға жуық қанды қырғын соғыс Украина әскерлерін де әбден қалжыратты.

Келер жылы Ресейде де, Украинада да президент сайлауы өтуі тиіс. Алайда Украина президенті Зеленский «қазір сайлау өткізіп, саяси шу жасайтын кезең емес» деп оны өткізуден бас тартты. Зеленскийдің бұл шешімі Украина билік басындағылар арасындағы билік таласы мен алауыздықты күшейткен. Соның бір көрінісі ретінде Киев қаласының мэрі Кличконың Зеленскийге қарсы әлемдік бірнеше танымал сайт пен газетке сұхбат беріп, Украина басшысын айыптап, оны автократ деп атағанын айтсақ та жеткілікті секілді. Осы дау-дамайдан бұрын, Зеленский «Ресей соғысып жеңе алмасына көзі жеткеннен кейін, енді жымысқы тәсілге көшті. Олар бізді іштен ірітіп, елімізде төңкеріс жасамақ» деп мәлімдеген болатын. Батыс басылымдары Украина бас барлаушысының әйелінің улануы Зеленскиймен қатысты деген мақала да жариялады. Демек, Украинада ішкі қайшылық, ішкі қақтығыс елесі де кезіп жүр.

Ал Ресей болса, Ираннан, Солтүстік Кореядан қару-жарық алумен қатар, өңірлік қайшылықтарды асқындырып, АҚШ-ты Украина мәселесіне мойын бұра алмайтындай күйге түсіруге тырысып бағуда. «Ресей біздің досымыз» деп мәлімдеген ХАМАС-тың Израильге соғыс ашуы да жағдайды көп өзгертті. Венесуэла мен Гайана арасындағы жағдай да күрт ушығуы мүмкін.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ТАҒЫ ДАУҒА ҚАЛДЫ

АҚШ-тың экс-президенті Дональд Трамптың басы әлі де дау-дамайдан арылар емес.



Бұл жолы Трамп екі жыл бұрын Капитолийге шабуыл жасаған бұзақылардың әрекеттері үшін азаматтық жауапкершілікке тартылып, сондай-ақ Трамптан қаржылай өтемақы талап ететін сот процестері басталуы мүмкін. Дегенмен, апелляциялық сот бұл тек алдын ала шешім екенін түсіндіруде. Ал Трамп ақталуға талпынып, шешімге шағымдануы мүмкін. Өйткені Трамптың сайлауалды штабының өкілі Стивен Чунг апелляциялық соттың шешімін «тым шектеулі, аясы тар» деп бағалап, Капитолий ісінің шешіміне көңілі толмайтынын ашық айтып отыр.

### ТЕҢІЗ СУЫМЕН ТҰНШЫҚТЫРМАҚ

Израиль Газа секторындағы ХАМАС-тың жерасты туннельдеріне теңіз суын құюды жоспарлап отыр.



«The Wall Street Journal» (WSJ) басылымы жариялаған ақпаратқа сәйкес, Израильдің ИСД армиясы Жерорта теңізінен Хамас қарулылары орналасқан туннельдерге су айдау үшін сорғы жүйесінің құрылысын аяқтаған. Бұл шара лаңкестік ұйым тарапынан ықтимал қауіппен күресуге бағытталғанымен, Газа секторындағы гуманитарлық жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Қазірдің өзінде бұл аймақтың халқы сумен қамтамасыз ету мәселесіне тап болды, ал туннельдердің су басуы бұл мәселені одан әрі ушықтыруы мүмкін.

### ҚЫЗЫЛШАНЫҢ ҚАУПІ

Коронавирус пандемиясы кезінде әлемде қызылшаға қарсы екпе алған адамдардың саны күрт азайып кеткен. Соның салдары болса керек, кейінгі жылдары 37 елде эпидемия тіркелді.



Вакцина салу – экономикалық тұрғыдан да тиімді деп санайды мамандар. Мәселен, АҚШ екпенің арқасында жылына 8 миллион доллар үнемдейді. Германияда қызылшаға қарсы вакцина міндетті екпе қатарына жатады.

**№145** (4578) 07/12/2023 Бейсенбі

# АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ СХЕМАЛАРЫ



Бүгінде қаржылық алаяқтық және қаржы пирамидасын құрудың тәсілдері жаңа деңгейге көтеріліп, күрделене бастады. Бұл туралы біз «Қазақстанның қаржы мәдениеті» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің және «Сапалы сауда» тұтынушылар одағы» өңірлік қоғамдық бірлестігінің төрағасы Юрий ЛИМЕН әңгімелестік.

**– Қазіргі кезде өзіңіз жетекшілік етіп отырған қордың қызметі туралы толығырақ айтып беріңізші.**

– «Қазақстанның қаржы мәдениеті» қоғамдық қоры өз жұмысын 2021 жылдан бастады. Сол кезде адамдар өз өтінішін қалдырып, алаяқтық пен қаржы пирамидасының белгілерін өз бетінше анықтауға үйренуі үшін stop-piramida.kz сайтын құрдық. Сайтқа Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің жосықсыз ұйымдарының қара тізімі, жеке сот орындаушыларының ақпарат базасы арқылы әлеуетті серіктестердің ақпаратын тексеру мүмкіндігі сияқты бірнеше қолданыстағы ресурс қосылды. Содан соң Instagram парақшасы құрылды, ол зардап шеккендердің өтінішін қабылдауға мүмкіндік берді. Сөйтіп, олармен жұмыс істей бастадық.

Депутат ретінде мен заң жобалары жоспарына қаржы пирамидасын жарнамалау үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу туралы бастамашыл ұсыныс енгіздім. Көптеген талқылаудан кейін бұл жаза қабылданды. Бірқатар түзету пікірталас деңгейінде қалды, біз оларды қабылдау үшін әлі де күресеміз. Дропперлер, яғни алаяқтар қолма-қол ақша алу үшін пайдаланатын адамдар туралы мәселе өткір, сондықтан кейбір заңдарды әлі де нақтылау қажет. Біздің қызметіміз – скам-жобаларды, жалған инвестициялық жобаларды зерделеу бойынша өтініштер қабылдау. Қазіргі уақытта мен осы бағытта барынша жұмыс істеп жатырмын. Бұған электрондық саудада тұтынушыларды қорғау мәселесін де қосуға болады. Бізге, негізінен, тұтынушылар интернетте онлайн-сатып алу кезінде өз құқығының бұзылатыны туралы көп шағымданады.

**– Қазір көп азамат байерлердің қызметіне жүгініп, шетелден тауар сатып алуда. Бірақ мұнда да алаяқтар кездесіп қалып жатады. Бұл адамның, мысалы, Қытайға, Америкаға барып, тауар сатып алып, әкеліп жүрген ресми өкіл, әлде алаяқ екенін қалай ажыратуға болады?**

– Бізде байерлерге қатысты шағым көп болды. Өкініштісі сол, біз осы нарықтың мамандарымен байланысқа шыққанда, олардың кейбірі өздері сататын тауарға жауап беретінін білмейді. «Мен сол жерден алдым, осында әкелдім, егер түсі сәйкес келмесе, неге мен оған жауап беруім керек?» дейтіндер кездеседі. Кейде сатып алушылар маған «байерден тауар сатып алғым келеді, оның алаяқ еместігін тексеріп беріңізші» деп хабарласады. Мен оны қалай тексеремін? Байер адал болуы да мүмкін, кейде тауар кеденде тұрып қалады. Мұндай жағдай болмайды деп мен айта алмаймын ғой.

**– Бірақ мейлінше сақ болу керек дейсіз бе, алаяқтардың қандай да бір белгілері бар ма?**

– Қылмыскерлер, негізі, өте айлакер келеді. Жыл басында біз алаяқтықтың мынадай белгілерін атағанбыз: олар алдын ала төлемді 100 пайыз төлеуді талап етеді, жөнелтпес бұрын тауардың суретін жібермейді, шот туралы ақпаратты көрсетпейді немесе ол жабық болады, шоттары бірнеше рет өзгеруі де мүмкін. Ал қазір қаласаңыз, олардың физикалық мекенжайын тексере аласыз, алаяқтар көбіне қаладан тыс, адам аз баратын үлкен ғимарат орналасқан жерді мекенжай ретінде көрсете салуы, жеке кәсіпкерден шот-фактура жасап алуы мүмкін. Себебі неде? «Сіздің ЖК жалға аламыз» деген хабарландыруды көрген кейбір алаяқ сіздің ресми бизнесіңіздің атын жамылып, есеп айырыса бастайды. Бізде ЖК-ны заңсыз жалға беру туралы жеңіспен аяқталған сот процестері болды, бұл шығынды бүгінде сол кәсіпорындар төлеп отыр. Сондықтан кез келген тауарды сенімді сатушыдан сатып алған дұрыс, әрине.

**– Байерлерді немесе өмірде жоқ сатушыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту дұрыс па?**

– Мұндай жағдайда міндетті түрде кәсіби қорғаушыны жалдап, сотқа жүгіну керек. Нақты оқиғаны айтар болсам, адам сауда желілерінің бірінен сүт сатып алды, сөйтсе, оның жарамдылық мерзімі өтіп кеткен. Біз түсініктемеде әрекетке қысқаша нұсқаулық жаздық. Олар бізге «бұл жерде дүкеннің қатысы қанша, мүмкін зауыт сапасыз өнім жеткізген шығар?» деген жауап қайтарды. Заң бойынша тауарға сауда желісі жауапты, ол сапалы өнімді сатуы керек, оны қайдан алғаны маңызды емес. Міне, байерлермен де дәл солай.

Егер адам шетелдік тауарларды сатушылармен сатып алу кезінде өзін сақтандырғысы келсе, онда қағазға не сатып алуға уәде бергенін, қандай мөлшерде, қандай түсте, қандай мерзімде, қандай сомаға қою керегін жазып алуы керек. Нақтырақ айтқанда, сатып алу-сатудың үлгілік шартын жасауы тиіс. Онда барлық сәтті көрсету керек. Әсіресе өнім қымбат болса. Мысалы, жалған зат (подделка) жеткізілген жағдайда, құжаттарға сәйкес, жасалған шарт бойынша барлығы өндіріп алынады.

**– Ал егер мұндай келісім болмаса ше?**

– Онда сотқа жүгініп, хат алмасу, скрининг, фотосурет, дауыс хабарламалары арқылы дәлелдеу қажет. Алаяқтық фактілерін дәлелдеу оңайырақ. Біраз жүгіруге тура келеді. Хат алмасуды растау үшін сіз ұялы байланыс операторына барып, осы SIM-карта сізге тиесілі екені туралы анықтама аласыз. Егер бұл Telegram-арнасында болса және сіздің нөміріңіз болмаса, онда бұл хат-хабарлар жарамайды. Сондықтан алданбауды қаласаңыз, іскерлік айналым ережесін сақтаңыз. Қыруар қаржыдан айырылғыңыз келмесе, өзіңізді қорғау үшін 10 минут уақытыңызды бөлгеніңіз жөн. Ал бізде адамдар көбіне оған уақыт кетіргісі келмейді, сосын мемлекетті кінәлайды.

**– Көп адам тауарларды акция мен жаппай сатылым кезінде сатып алады. Бұл уақытта алаяқтар белсенді әрекет етеді. Солардан қалай қорғануға болады?**

– Сіз өзіңізді жаһандық акциялардан емес, өзіңізден қорғауыңыз керек. Неліктен? Өйткені бірдеңе сатып алатын кезде адамдар «мен осыны қалаймын» және «басқа ештеңе естігім келмейді» деген сөздерді айтады. Мысалы, кейбіреулер қашықтан қол жеткізу бағдарламасын орнатып, несиені мақұлдау үшін SMS-кодты бөгде біреуге хабарлап қояды, бұдан кейін оған ешкім көмектесе алмайды.

«Сатып алғым келеді» мен «қайдан сатып алғым келеді» дегеннің аражігін ажырата білген жөн. Егер басқа нұсқалар, яғни ресми сатушылар немесе түсініксіздеу жеке кәсіпкерлер пайда болса, сіз ондағы бағаның қаншалықты арзан екенін қарауыңыз керек. Мысалы, жеңілдік 10 пайыз болса, көңілге қонады, ал егер 20-30 пайыз арзан болса, күмән туындауы мүмкін. Ірі компаниялар үлкен жеңілдік жасай алады. Өйткені олардың сатып алу көлемі ауқымды, айналымы үлкен, сәйкесінше, қоймада әрдайым заттар қалып қояды, сондықтан оны босату үшін акциялар жүргізеді. Тауар құны арзан болса, көп адам тәуекелге барады. Ал қымбат затты сатып алғанда, оған кепілдік, лицензия талап етуге тиіссіз, қандай да бір жағдай туындай қалса, сіз тұтынушы ретінде құқығыңызды қорғай алатыныңызға сенімді болуыңыз керек.

**– Жақында сіз белсенді ұзақ өмір сүру орталығында зейнеткерлермен кездестіңіз. Егде адамдар, шынымен де, алаяқтардың құрығына жиі түсе ме?**

– Егде адамдарға келетін болсақ, жасына байланысты оларға эмоция тұрғысынан әсер ету әлдеқайда оңай. Бүкіл ТМД-да ұзақ уақыт бойы қоңырау шалып, жақынының апатқа ұшырағанын немесе ауыр қылмыс жасағанын естіртіп, шұғыл көмек көрсету үшін ақша беріп жіберуі керегін айту әдісі қолданылғанын білеміз. Мұндайды естіген егде адам қажетті соманы ала сала, алды-артына қарамай, тіпті ұялы телефонын да ұмытып, үйден атып шығады. Алаяқ оның туыстары қоңырау шалуға тырысса, ол қоңырауларға жауап бере алмайтындай және өздігінен ешкіммен хабарласа алмайтындай етіп алдап, белгісіз жерге шақырады. Қарт кісіде артық жинақ ақшаның болатынын білетін қулар осындай әрекетке барады.

Мұндай оқиғалар қазіргі уақытта өте жиі орын алуда. Алаяқтар егде адамдардың аса жауапты болатынын, «азаматтық борышын өтеу» және «қылмыскерді әшкерелеуге жәрдемдесу» жөнінде өтінген кезде олар сөзсіз сеніп, көмектесуге тырысады. Бұл да алаяқтықтың жиі кездесетін схемасының бірі. Қарағандыда бір әйел тіпті құқық қорғау органдарына көмектесемін деп ойлап, үйін сатып жіберді. Сонымен қатар оның атына бірнеше несие ресімделді.

**– Бұл схемалар көпшілікке таңсық емес, осы туралы жиі жазылды, бірақ алданғандар қатары азаяр емес. Неліктен?**

– Алаяқтар адамдардың екі осал тұсын: жақыны үшін қатты алаңдайтынын және азаматтық борышын өтеуден бас тартпайтынын біліп алған. Біз белсенді ұзақ өмір сүру орталығында осы схемалар туралы айта бастағанда, көп адам мұндай жағдайды басынан өткергенін немесе тұзаққа түсіп қала жаздағанын жеткізді. Адамдарды кейде «бос жұмыс орындарын ұсынамыз», тіпті жалған сертификат көрсету арқылы чаттардағы, Telegram-арналардағы «тапсырмаларға лайк бассаң, ақша береміз» деп қызықтырады. Мәселен, 10 лайкқа 4000 теңге беріледі. Ақша табуға мүмкіндік деп ойлағандарға «сіз өте жақсы жұмыс істейсіз, біз сізді V.I.P.-чатқа қосамыз, қалайсыз ба?» дейді. Ол: «иә, қалаймын» дейді. Осы чатқа қосылған соң оған тағы басқа тауарлар ұсына бастайды. «Міне, тоңазытқыш, ол дүкенде 300 мың теңге тұрады, енді сіз оны 230 мыңға сатып ала аласыз, өйткені тек сізге жеңілдік бар, содан кейін біз бұл тоңазытқышты 300 мың теңгеге сатамыз, ал 70 мың сіздікі болады» дейді. Осындай қызығушылықпен 5-10 миллион теңгеге дейін тауар сатып алатындар болады. Алаяқтар адамды көндіруді жақсы біледі және ойлануға рұқсат бермей, тез арада шешім қабылдауға шақырады. Мұндайда олар «тезірек сатып алмасаңыз, басқа біреу сатып алады» деп айтады. Осындай «табысқа кенелгендер» мақтанып, кадрдың артқы жағында пікір білдіреді. Мұның бәрі ұйымдастырылған нәрсе екенін білмей, кейбір егде адамдар оған тез сеніп қалады. Одан әрі әлгілер «егер сіз одан әрі инвестиция салмасаңыз, барлық ақшаңыз күйіп кетеді» дейді. Адам несие ала бастайды, қарызға батып, өзі салған қаражаттың «күйіп кетуіне» жол бермеуге тырысады. Бірақ алаяқтарға алданғанын кеш түсінеді. Мұндайға көбіне 50-ден асқандар көп алданады. Бұл оқиғаны белсенді ұзақ өмір сүру орталығындағыларға айтқанда, залда отырғандардың жартысына жуығы күлді, демек олар осы оқиғаны басынан өткерген. Тікелей сұрағанымда, әйелдер мұның рас екенін айтты.

Осы жерде алаяқтардың өте тапқыр және психологиялық тұрғыдан білімді болатынын, олар адамның психикасына қысым жасауда шебер екенін айта кету керек. Егде ата-аналардың осылайша алдануының алдын алу үшін бізге олардың ересек балалары жиі хабарласады. Жақында бір зейнеткер 1,5 миллион теңге ұтып алады, бірақ оны алу үшін алаяқтардың нұсқауы бойынша олардың шотына 150 мың теңге аудару керек болды. Әйел осы соманы қызынан қарызға сұрайды. Ал қызы шикілікті сезген соң бізге хабарласты, ақыры біз әйелді алаяқтардан сақтап қалуға көмектестік.

Алаяқтар адамдарды жеңіл ақшамен және күнделікті төлеммен алдауда. Бірақ айтыңызшы, Қазақстанда күн сайын дивиденд төлейтін кем дегенде бір компания бар ма? Жұмысын дұрыс жолға қойған мекемелерде қаржы кезеңі ай, тоқсан, жарты жыл, жыл деген ұғымдармен өлшенеді.

**– Сізге осындай алаяқтардан қалай қорғануға болатыны туралы кеңес сұрап, тұрғындар жиі хабарласа ма?**

– Иә. Жақында бір жағдай болды: адам пирамидаға инвестиция салды, біз оның пирамида екенін ұзақ уақыт дәлелдедік, ол ақыры түсінді және содан соң былай дейді: мен пассивті табыс тапқым келеді, маған ұсыныс беріңіз. Қазіргі адамдар қызық, біріншіден, көпшілігі еңбек етіп, маңдай терін төкпей оңай ақша тапқысы келеді, екіншіден, жауапкершіліктен қашады. Болған іске біреуді кінәлағанды ұнатады. Олай болмау керек.

**Екатерина ТЫЩЕНКО**

**2023 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРГЕУ ДЕПАРТАМЕНТІ 19 ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТТЫ**



Астанада соңғы 5 жылда жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауына қатысты 429 оқиға тіркелген. 2023 жылдың 9 айында астаналық 83 жасөспірім өмірмен қош айтысуға іс-әрекет жасаған. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың 9 айындағы статистикамен салыстырғанда 12 есеге көп. Өкініштісі сол, биыл 8 жасөспірім өз-өзіне қол жұмсап, қайтыс болды. Мұндай дерек біздің қоғамда жасөспірімдер арасындағы суицидтің өршіп бара жатқанын көрсетеді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ЕЛОРДАДА СУИЦИДКЕ ҚАТЫСТЫ 2014 ЖЫЛЫ 16 ОҚИҒА, 2015 ЖЫЛЫ 20 ОҚИҒА ТІРКЕЛГЕН. 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-АҚПАН АЙЛАРЫНДА 5 ОҚИҒА БОЛЫП, ОНЫҢ 1-ЕУІ ЖАСӨСПІРІМ ӨЛІМІМЕН АЯҚТАЛҒАН

# СУИЦИДТІҢ СЕБЕБІ НЕДЕ?

### КІМ КІНӘЛІ?

Салыстырмалы статистиканы сөйлетер болсақ, елордада суицидке қатысты 2014 жылы 16 оқиға, 2015 жылы 20 оқиға тіркелген. 2016 жылдың қаңтар-ақпан айларында 5 оқиға болып, оның 1-еуі жасөспірім өлімімен аяқталған. Қоғамның төбе шашын тік тұрғызған осы мәселенің мәнісіне терең үңілмек болып, шағын зерттеу жүргіздік.

Сарыарқа аудандық прокуратурасының қызметкері Жаңагүл Дәрібаева суицидке көбінесе отбасы-тұрмыс мәселесі себеп болатынын айтады.

«Мектепте психолог пен мұғалім оқушылармен жұмыс істейді. Өкініштісі сол, мектеп психологы мазасызданған баланы көргенмен, оны шұғыл көмек көрсету бөлмесіне апара алмайды. Ол жолдама береді, бірақ апару-апармау ата-анасының өз еркінде. Шындығына келсек, көптеген ата-ана бұған немқұрайды қарайды. Сол себептен ата-аналарға дәріс жүргіземіз. Біз әлеуметтік желілерге, әртүрлі сайтқа үнемі мониторинг жүргіземіз. Мысалы, өзіміз ВКонтакте, Facebook, Instagram сияқты әлеуметтік желілерде тіркелгенбіз. Суицидті насихаттайтын сайттарды көп анықтаймыз. Әуелі сол сайтты қолданушы кім екенін білу үшін өзіміз тіркелеміз. Жетекшісімен виртуалды әлемде «достасамыз». Егер сол топ, шынында, суицидті немесе қандай да бір сексуалды бейнематериалды насихаттайтынына көз жеткізсек, өзімізден жоғары тұрған прокуратураға хат жазамыз немесе сотқа шағым түсіреміз. Прокуратура мен сот әлгі сайтты не әлеуметтік желідегі парақшаны жабады. Мәселен, «ВКонтакте» желісіндегі топқа қатысты ақпаратты мектеп директорларына жеткіздік» дейді ол.

Психолог-маман Бақытгүл Рымтайқызы жасөспірімнің өзіне қол салуына қоғамның еті өліп бара жатқанына алаңдайды.

«Меніңше, ең алдымен, бұған компьютердегі ойындар кінәлі. Қазір интернетте баланы қатыгездікке, жауыздыққа үйрететін ойындардың түрі көп. Бұл баланың ойлауын тежейді. Қияли етеді. Ойында қатыгез кейіпкерден ұтылып қалса, қатты қиналады. Компьютер әлеміне кіріп кеткен бала сыртқы ортамен байланысын үзеді. Өз әлемінде өмір сүреді. Ондай баланың сыныпта досы болмайды. Ал жұмысбасты ата-ана бұған көңіл бөлмейді. Әсіресе толық емес отбасынан шыққан бала осыған бейім. Қазір қыз бала «Монстер Хай» қуыршағымен, ұл бала «Человек-паукпен» ойнайды. Суретін салып, макетін жасайды. Қатыгез кейіпкерге ұқсағысы келеді. Меніңше, баланың көңілін басқаға бұру керек. Компьютерде баланы мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейтін ойындар жасап шығарсақ. Қазақ кейіпкері бар көп мультфильм шығару керек. Сонда біз баланы, жасөспірімді жаман нәрседен құтқара аламыз» дейді ол.

### ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ОРАЛАЙЫҚ!

Астанадағы №35 мектеп-лицейдің мұғалімі Алтынай Теміртасқызы мұндай жамандықты болдырмау үшін екі нәрсеге көңіл бөлу қажет екенін айтады.

«Біріншісі – отбасындағы ұлттық тәрбиеге оралу. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп қазақ бекер айтпаған. Әкесі ұлының, анасы қызының тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлсін. Қыз бала анасымен сырлас болуы керек. Шешесі оның болашақ ана екенін құлағына құйып отыруы тиіс. Қазіргі баланың мінезі тұрақсыз. Шырт етіп тез ренжіп қалады. Ондайда ерекше көңілмен қараймыз. Қиын отбасынан шыққан баланың психологиясы бұзылады. Мұндайда ата-ана мен мұғалім, психолог пен инспектор бірлесіп жұмыс істегені жөн. Біз әдеп, иман мәселесін тәрбие сағатында көп әңгімелейміз. Мүмкін, арнайы сағат бөлу керек шығар. Екіншісі – мемлекет деңгейінде жүзеге асырылатын іс-шаралар. Қазір қит етсе суицидке ата-ана мұғалімді, мұғалім ата-ананы кінәлап жатады. Бұл дұрыс емес. Теледидар, интернет баланы бұзатын жаман нәрсеге толып тұрғанда оған тосқауыл қою қиын. Меніңше, интернеттен адам өлтіруді, асылып қалуды, жабайы эротиканы көрсететін киноға тыйым салатын кез жетті. Жалаңаш тәнді, ұятсыз қылықты насихаттайтын көрші арналардың бәрін бұғаттап тастау керек. Қалың көрермен ынтығып көретін түрік, үнді, кәріс топтамасы да ұлттық тәрбиеге кері әсер етеді. Оның орнына тәрбиелік мәні бар мультфильм, қазақша кино қойған абзал. Сонда суицид деген сұмдық сөзді аз еститін боламыз» деген пікірімен бөлісті педагог.

№35 мектеп-лицейдің ұстазы Жанат Құсайынқызы суицид деген сұмдыққа бала ұрынбас үшін қазақ тіліндегі отбасы арналарын ашуымыз керек деген пікірде.

«Біздегі күрделі мәселенің бірі – балаға, жасөспірімге, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие беретін жеке арнаның жоғы. «Балапан» арнасы сұранысты толық қамтамасыз етпейді. Суицид деген сұмдыққа бала ұрынбас үшін қазақ тіліндегі отбасы арналарын ашуымыз керек. Сол арнадан қазақы тәрбиеге қалай оралудың жолдарын көрсетсек, нұр үстіне нұр болар еді. Себебі қазіргі жасөспірім теледидардан әншінің, актердің өмірін әңгімелейтін арзанқол шоудан шаршады. Оның орнына отбасы құндылығын насихаттайтын тартымды бағдарлама ашайық. Балалар қызығатын ойын-сауық, танымдық бағдарламаны көбейтуге болады ғой. Оған ата-ана мен баланы бірге қатыстырса. Жалғызбасты анаға кеңес беретін, жол нұсқайтын, жұртты жалықтырмайтын нәрсені көбірек көрсетсе деймін. Өйткені көбіне өзіне қол жұмсауға бейім тұратындар – толық емес отбасындағы балалар» дейді ол.

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

«Құқық» қоғамдық қорының психологы Ольга Саратова көп жағдайда мұндай жамандық жасөспірімнің мінез-құлығына қатысты орын алатынына нақты мысал келтірді.

«Ең алдымен, үйдегі ата-анасы, мектептегі мұғалімі, психолог пен кәмелет жасына толмағандардың инспекторы баланың мінез-құлығын жіті қадағалауы тиіс. Ол біреумен жанжалдасты ма? Психикасы сау ма? Кейде ата-анасы жасырғанмен, ондай кемшілік жасөспірім кезінде көрініс береді. Сондай-ақ жасөспірімнің гормоналдық өзгеріске ұшырауын да ұмытпаған жөн. Демек, жасөспірім шағында бала қорғансыз. Не нәрсеге де еліктегіш келеді. Суицид орын алғаннан кейін кеш болмас үшін оның алдын алу маңызды. Ол үшін не істеу керек? Әуелі ата-ананы ақпараттандыру керек. Осы жерде суицидке бастайтын бірнеше факторды айта кетейін. Біріншіден, баланың отбасында қараусыз қалуы. Көбінесе балалар отбасында өзіне көңіл бөлінбейтініне шағымданады. Отбасын асыраймын деп ала таңнан қара кешке дейін жүгіретін ата-ана баласына қарауға мұршасы болмайды. Отбасынан жылу көрмеген бала соның орнын толтыруға ұмтылады. Жүріс-тұрысы, мінез-құлқы өзгереді. Қандай да бір нәрсені қолдана бастайды. Екіншіден, қазір көп бала әлеуметтік желілерде отырады. Желіде қандай да бір іс-қимыл қалай жүзеге асатынын тәптіштеп көрсетеді. Сондықтан баланың қай желіде отырғанын үнемі қадағалау қажет. Оның кіммен хат жазысқанын, нені оқып-үйренгенін әке-шешесі білуі тиіс. Бұл жерде ата-ананың жауапкершілігін арттыратын әрекет керек. Олар отбасын құрып, баланы туған соң дұрыс тәрбиелеуге міндетті. Үшіншіден, отбасындағы кикілжің. Мысалы, әкесі не анасы жұмыстан босап қалып, материалдық жағдай нашарлады делік. Оның балаға әсер ететіні сөзсіз. Кейде ашушаң әке не шеше баласын ұрады. Яғни отбасындағы шиеленістен бала зардап шегеді де, суицидке ұмтылады. Төртіншіден, мектептегі жүктілік. Тығырықтан шығатын жолды таппаған жасөспірім қыз не өзінің қан тамырын кеседі, не у ішеді. Бұл – әке-шешесі толық бақылайтын нәрсе. Бесіншіден, ата-ананың өз баласына қысым жасауы. Біз кейбір жасөспірімнен: «Мен өз әкемді жек көремін» немесе «Мен өз анамды жек көремін» деген сөзді естиміз. Кейбір ата-ана баласын жас күнінде өзі қолы жетпеген нәрсеге баруға мәжбүрлейді. Ондай қысымға қарсылық білдіргісі келген бала жамандыққа ұрынуы мүмкін. Қорыта келе айтарым, егер әр отбасында әке мен шешенің арасында дұрыс қарым-қатынас, мектепте қолайлы орта болса, ешқандай бала суицидке ұрынбайды» дейді маман.

### ҮМІТСІЗДІКТЕН ИМАНДЫЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ

Елордадағы әл-Фараби атындағы мешіт қызметкері Әділхан Иманәліұлы суицидке қатысты Алла Тағаланың «Құран Кәрімде» не деп ескерткенін, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерінде не деп өсиет айтқанын түсіндіріп берді.

«Алла Тағала «Құран Кәрімде» «Ниса» сүресінің 29-30-аяттарында былай дейді: «Уа, иман келтіргендер! Бір-біріңді өлтірмеңдер. Шүбәсіз, Алла Тағала сендерге өте мейірімді. Кімде-кім осы айтылғанды қасақана істеп, шектен шығып, өзіне һәм өзгелерге қиянат жасайтын болса, біз оны шыжғырып азаптау үшін бір Алладан өзге ешкім білмейтін алапат отқа тастаймыз. Бұл – Алла үшін оп-оңай нәрсе». Қарапайым тілмен айтсақ, дене – Алла Тағаланың бізге берген аманаты. Аманатқа қиянат қылуға болмайды. Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде: «Кімде-кім өзін темірмен өлтіретін болса, сол темір (пышақ, айбалта және т. б.) кірген жерінен азаптап тұрған халінде тозаққа тастаймыз. Кімде-кім у ішіп, өзін өлімге тастайтын болса, біз сол халінде оны тозаққа тастаймыз» дейді. Қазақта өзін-өзі өлтірген адамға жаназа да оқылмайды. Оларды мұсылман зиратына жерлемейді. Не себептен жақсы отбасында өскен баланың өзі суицидке ұрынуда? Себебі ол Алла Тағаланы жақсы көрмейді. Жаратқанның ата-анадан да асқан мейірімді екенін түсінбейді. Меніңше, бір жағынан, Құдайдан қорыққан, екінші жағынан, Алланы шын жақсы көрген адам мұндайға бармайды. Мысалы, қызға ғашық болған жігіт оның әсем қылығын, көркем мінезін ұмыта алмайды. Ойлай-ойлай жүрегіндегі махаббаты күшейе береді. Сол сияқты біз Алла Тағаланы көп ойлайтын болсақ, оның мейірімі шексіз екенін, ал азабы ауыр екенін түсінеміз. Баланы жастайынан имандылыққа тәрбиелейік. Тәрбиенің қайнар бұлағы – «Құран» мен Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері. «Ата-ананың өз перзентіне беретін ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие» деген хадис бар. Баланы еркелетіп, өз еркіне жібермей, жамандықтан тыйып отыру керек. Егер бала күнінен ғаламтордан қайдағы бір роликті, теледидардан үнді, түрік топтамасын көрсе, оның түбі күнәлі іске алып баруы мүмкін. Иманның бір пайдасы – адам жүрегінде үміт отын өшірмейді, еңбекке баулиды. Еңбексүйгіш адам ешқандай қиындыққа мойымайды. Ал үміт нұры өшкен жан қиындыққа шыдамайды. Суицидке апаратын жол – үмітсіздік» деді ол.

## БҰЛ – ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛУ

**Елордадағы «Құқық» қоғамдық қорын арнайы іздеп барып, бірнеше жасөспірімнің өз ой-пікірін жазып алдық.**

**Болат, 15 жаста:**
*– Меніңше, жасөспірімнің мұндай жағдайға ұрынуының себебі көп. Мысалы, үлкеннің не мұғалімнің ұрып-соғуына шыдай алмауы мүмкін. Ондайда күйзеліске түскен баламен ешкім сөйлеспесе, тығырыққа тіреледі. Үйдегі ата-анасы ішімдікке салынса, осындай жағдай болуы мүмкін.*

**Арыстанбаб, 16 жаста:**
*– Бұған бару – нағыз ақымақтық. Ойлау қабілеті дамымаған адам ғана осылай істейді. Иманы, сабыры бар адам бұған бармайды. Алайда баласын қысыммен ұстайтын, ұрып-соғып тәрбиелейтін әке-шеше де бар. Олар баланы ешқайда жібермейді. Достарының арасынан ұрып-соғып алып кетеді. Ондайда әлгі бала қатты күйзеледі. Өзін барлық ортада ыңғайсыз сезінеді. Сол кезде көмектесу керек. Әйтпесе кейін кеш болады. Бұл жерде компьютердегі ойындардың да әсері көп. Оны жасөспірім көп ойнайды. Кәдімгідей оп-оңай «адам өлтіріп, көлік айдап» кете бересің. Кей бала «реальный» өмірде де осындай болса ғой деп армандайды.*

**Асылхан, 17 жаста:**
*– Мұндай жамандық ойланбаудың себебінен болады. Ойлану үшін тәрбие керек. Жақсы тәрбие алмаған жасөспірім мұндайда қорғансыз. Әрбір баланың әкесі жас кезінен ұлына жақсы мен жаманның айырмашылығын айтып отыруы керек.*

# ДҮЙСЕНБІ
## 11 ЖЕЛТОҚСАН

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер».
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Қилы күндер». Телехикая.
12:20 «Құдаша қыз». Телехикая.
13:10 «Құдаша қыз». Телехикая (жалғасы)
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:30 «Отандық brand».
14:45 «Aqorda»
15:00 AQPARAT
15:15 «Apta». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Bizben birge...».
17:00 «ASHYQ ALAŃ».
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ». Телехикая.
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН». Телехикая.
22:25 «1001 ТҮН».23:25 «Көңіл толқыны»
0:10 «Ashyq alań».
1:40 «Сана».
2:45 «Өмір көркем».
3:40 «Bizben birge...».
4:20 «Жәдігер».
4:40 «Отандық brand».
4:55 «Күй-керуен»

05:00 МЕГАХИТ.
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «МЕКТЕП»
10:25 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ.
10:35 МУЛЬТФИЛЬМ. «ДВА ХВОСТА»
11:50 МУЛЬТСЕРИАЛ. «БАРБОСКИНЫ»
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ШЕРЛІ ЖҮРЕК»
14:00 «АЙНАLINE»
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «СОҢҒЫ ҮМІТ 2»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «БЕЗ ТЕБЯ»
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК-ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
